

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚАЗАҚСТАН КП СОЛТУСТИК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ, ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТТЕРІНІҢ және ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№ 238 (9815) 1955 жылғы 1 декабрь Бейсенбі Шығуына 38 жыл. Және саны 20 тыйын.

## Кадрлардың тапсырылған іске жауапкершілігі арттырылсын

Жақында болып өткен аудандық, қалалық партия конференциялары кадрлар жөніндегі мәселеге ерекше назар аударды. Партия конференцияларында кадрларды жоғары моральдық-саяси рухта тәрбиелеу партия ұйымдарының аса маңызды міндеті екені атай көрсетілді. Бұл — өмір қажетінен туып отырған мәселе.

Техникалық прогресті және өнеркәсіпті ұйымдастыруды оған әрі жақсарту, ауыл шаруашылығын шұғыл өрге бастыру және басқа осы сияқты маңызды міндеттердің ойдағыдай жүзеге асырылуы үлкенді-кішілі кадрлардың саяси және іскерлік сапасына байланысты. Партия мен халық алдындағы борышын терең сезініп, қоғам мүддесін бәрінен де жоғары ұстайтын, қызығашылықтары және білетін, жаңалықты, озаттықты өнеге етіп, бұқараның қолдауына сүйенетін кадрлардың жұмысы табысты болады.

Облыс партия ұйымы қолынан іс келетін мұндай басшы кадрларды, партия, совет, шаруашылық қызметкерлерін көптеп өсірді. Оларды әрбір өнеркәсіп орынынан, колхоз бен МТС-тен, совхоздан кездестіреміз. Кадрлардың өнегелі істері жөнінде әңгіме болғанда, партияның шақыруы бойынша колхоздарды басқаруға барған отызмыншыларды мысалға алуға болады.

Преснов ауданындағы «Сталин жолы» колхозының бұрынғы басшылары артель шаруашылығын өркендетудің бай резервтерін толық пайдалана алмады, тек ағымдағы жұмыстармен айналысып, перспективалық мәселелерді естен шығарды. Мұнда көп жылдар бойы күрделі құрылыс жұмыстары жүргізілмеді. Үстеміздері жылы июль айында колхозды басқаруға аудандық партия комитетінің бұрынғы секретары Байбатыров жолдас келді. Ол колхоз активтеріне сүйене отырып, өзінің алғашқы жұмысын еңбек тәртібін нығайту, колхозшылардың қоғамдық еңбекке қатысуға материалдық ынталылықтарын арттыру жөніндегі шараларды жүзеге асырудан, ішкі резервтерді пайдаланудан бастады.

Отызмыншының алғашқы қадамы кәсірдің өзінде іті нәтижесін бере бастады.

Ұйымдарының басшы қызметкерлер арасындағы жұмысты мықтап жақсартуын қажет етеді. Әңгіме әрбір басшы партия, совет, шаруашылық қызметкерлерінің өзіне тапсырылған іске жауапкершілік сөзімін арттыра беру, оның жұмысы нәтижелі болуы жөнінде болып отыр.

Кадрлармен жұмыстың көп жылдар бойы тәжірибеде сыналған неше түрлі әдістері бар. Ең алдымен біз кадрлардың саяси және жалпы білімдерін арттырып отыруларына жетісуіміз қажет. Кәзір кадрлардың экономикалық білімдерін жетілдіру кезек күттірмейтін міндеттердің бірінен саналады.

Жұмыстың қай саласында болсын, кадрларды басшылықтың дұрыс әдісіне үйрету қажет. Кейбір шаруашылық кадрлары құрал-саймандар мен материалдарға, қаржыға ие болса да, адамдар арасындағы жұмыс партия ұйымдарының ғана ісі деп ойлайды. Бұл мүлдем дұрыс емес. Басшы кадрлардың бәрі де, соның ішінде шаруашылық басшылары ең алдымен адамдармен жұмыс істеуге, оларға қажырлық жасауға, жұмысшылар мен колхозшыларды жұмыс үстінде үйретіп, олардың еңбекке деген ынта-жігерін арттырып отыруға міндетті.

Басшылық етудің жеңілдік-бюрократтық әдісі басшы партия, совет, шаруашылық қызметкерлерінің тапсырылған іске жауаптылық сезімін әлсіретеді, олардың назарын жанды істен, еңбекшілерді партия мен үкіметтің қарарларын орындау жолындағы күреске жұмылдырудан басқа жаққа аударады.

Кадрлармен жұмыс істеу — қызметкерлердің жұмыстағы кемшіліктерін кезінде көріп, олар кемшіліктерді практикалық жұмыс үстінде түзете білу деген сөз. Сонымен қатар қызметкерлер жұмысының жақсы жақтарын үнемі қолдап, оны кеңінен таратып отыру қажет.

Басшы қызметкерлердің күші — еңбекшілер бұқарасымен тығыз байланыстылығында. Олар бұқара арасында жиі болып, партия мен үкіметтің саясатын кеңінен түсіндіріп отыруға, төменнен болатын ұсыныстар мен шағымдарға кезінде күлөк

Достар, бауырлар!

Менің өз атымнан, досым Николай Александрович Булатиннің атынан және ұлы еліңізді аралаған тамаша сапарға біздің қасымызға ерші жүрген барлық достардың атынан Майсөр штатыңызда, тамаша Бангалор қалаңызда болуға мүмкіндік берген шақыру үшін алғыс айтуыма рұқсат етіңіздер. (Қолшапалақтау).

Мен сонымен қатар біздің еліміз туралы және Совет Одағының жетістіктері туралы сондай жақсы айтқан Майсөр штатының раджпрамухжи Джая Чамараджа Вадиар Бахадур мырзаға, бас министрі К. Ханумантхайи мырзаға, қаланың мәрі В. П. Динадхайал Найд мырзаға алғыс айтамын. (Қолшапалақтау).

Сіздердің ұлы еліңізде жүргенімізге міне бірнеше күн болды. Біздің саяхатымыздың және Индиямен танысуымыздың өте әсерлі және зымырап өтіп жатқаны соншалық, біз тіпті күннің өсебінен де жаңылып қалдық. Мысалы, бүгін біз Николай Александровичпен бүгін қай күн — сенбі ме, әлде жексенбі ме деп таластық. (Жыйналғандардың арасында нөңілді қозғалыс).

Біз Индияда болған күндердің ішінде көп нәрселерді көрдік, көп нәрселермен таныстық. Біздің алған әсерлеріміз соншалықты көп. Біз бүгін сіздердің тамаша қалаңызды аралап өттік. Көшелерге қаншама ересек адамдар шықты, қаншама балалар шықты, индия халқының Совет Одағының халықтарына деген достық сезімдері мен сүйіспеншілігін білдіретін қаншама құттықтау ұрандары айтықты десеңізші. (Қолшапалақтау).

Егер біз индия халқы білдіріп отырған осы достық сезімдері мен сүйіспеншілігі тек маған, менің досым Николай Александровичке және бізбен бірге келген біздің басқа достарымызға қатысы бар деп ойласақ, онда біз болымысыз кісілер болған болар едік. Бұл сезімдер индия халқының Совет Одағының халықтарына деген сүйіспеншілігі мен құрметін білдіріп отыр.

Ал Совет Одағының халықтары Индияның ұлы халқының осындай зор сүйіспеншілігіне және осындай жалынды рухылық сезіміне қалай ие болды?

Менің бұл сұрақты қойып отырған себебім сол, жаңа негіздерде ұйымдастырылған біздің Совет мемлекетінің дүниеге келуін капиталистік дүние өте ұнатпай, тіпті дұшпандықпен қарсы алған бола-

# Бангалордағы жалпы қалалық митингте

1955 жылғы 26 ноябрьде

## Н. С. ХРУЩЕВТИҢ сөйлеген сөзі

адам бүгін сауатсыз болса, ол ертең сауатты болып қана қоймайды, сонымен бірге инженер, ғалым бола алады.

Бізге Совет өкіметінің алғашқы жылдарында өз интеллигенциямыздың болмағаны жұртқа мәлім, ал кәзір бізде өзіміздің сансыз көп халықтық интеллигенциямыз бар. Бұл жұмысшылар мен шаруалардың топтарынан шыққан интеллигенция. (Қолшапалақтау). Біз мұны өзіміздің басты жетістіктеріміздің бірі деп санаймыз, достар. (Қолшапалақтау).

Сіздердің бізге сондай қызу қолшапалақтап отырғандарыңызды және бізді сондай достықпен қарсы алып отырғандарыңызды немен түсіндіруге болады? Шынында кейбіреулер бізді жамандан отыр ғой. Бұл арада насихатпен шұғылданып, бізді жамандан отырғандардың кім екенін сіздерге айтып жатпаймын. Біздің Индияны аралаған сапарымыз туралы буржуазиялық баспасөздің кейбір өкілдерінің не жазып жатқанын сіздердің өздеріңіз де газеттерден оқып отырсыздар. Бірақ сіздер оларға сенбейсіздер. Сенбейтің себебіңдеріңіз сол, олардың біз туралы жазып отырған қоқыстарының бәрі жалмақорлық екенін білесіздер. (Қолшапалақтау).

Сондықтан біз мұндай жазушысымақтарға былай дейміз: негі тілесендер соны жазыңдар, негі тілесендер соны айтыңдар, — жақсылыққа жамандық жұқпайды. (Жыйналғандардың арасында қозғалыс). Мен сіздерге біздің тағы бір халық мақаласын келтірейін: Адам жүреді, ит үреді, жей еседі, бірақ адам жүрген сайын алға баса береді (күлкі).

Міне біз өзіміздің осындай жолымызбен, адамзат әлі аяқ баспаған жолмен — социалистік құрылыс жолымен алға басып келеміз. Біздің еліміз бүкіл адамзаттың сәулетті болашағына жол салып отыр. Біздің халқымыз коммунистік қоғам орнатуға және ол өзінің мақсатына жетеді — коммунизм орнатады!

Біздің идеяларымызға сіздердің түрліше қарауларыңыз мүмкін. Сіздер мен біздің бірқатар мәселелерді түрліше түсінуіміз мүмкін. Сіздер өздеріңізге көбірек ұнайтын даму жолдарыңызды өздеріңіз таңдап алыңыздар. Біздің бұл істе сіздерге бөгет болмайтынымыз былай тұрсын, қайта біз сіздердің еді өркендетуге, ізгі

мен бізде кейбір мәселелерде — әдістерде де, теорияда да алшақтық бар. Біз мұны жасырып отырған жоқпыз. Бірақ бұл біздің дос болуымызға бөгет болып отырған жоқ. Бұл неліктен? Оның себебі сол, сіздер де, біздер де бір-бірімізге қарсы ешқандай жамандық ойлап отырған жоқпыз. Сіздер шынында да біздің шын ниетті достарымыз болып отырсыздар, ал біз — сіздердің ең жақсы достарыңыз және бауырларыңыз болып отырмыз. (Қолшапалақтау). Міне қоғамдық есептесеміз әртүрлі мемлекеттер арасындағы бейбіт қатар өмір сүрудің жарқын мысалы осындай. Біз барлық елдерге: дауласудың және баспасөз бетінде, сөйленген сөздерде әртүрлі шабуылдар жасаудың орнына достықта өмір сүретін болайық деп ұсынып отырмыз. Біз соның өзінде біздің әдістеріміздің барлық жұртқа бірдей ұнамай отырғаны сияқты, шаруашылықты ұйымдастырудағы капиталистік әдістің бізге де ұнамайтынын ашықтан ашық айтып отырмыз.

Кәне, кімнің системасы жақсы екенін практикада сынай көрейік, — міне біз капиталистік мемлекеттердің қайраткерлерін осыған шақырып отырмыз. Және, соғыссыз жарысып көрейік. (Қолшапалақтау). Міне бұл жаман ұсыныс па? Шынында мұның өзі қане жарысайық — кім қаруды көбірек жасап, кім кімді талқандап екен деуден гөрі анағұрлым жақсы ғой. Өйткені соңғысы — халыққа қарсы жарыс, адамдарды қырып, жоюды көздейтін жарыс. Ал біздің ұсыныстарымыз — бұл барлық халықтардың тұрмыс дәрежесін арттыру жолындағы бейбіт жарыс. Біз халықтардың әл-ауқатын анағұрлым жоғары тұрмыс дәрежесіне жеткізуге көмектесетіндей жарысты жақтап отырмыз және өрқашан да жақтап береміз. (Сондықтан біздің ұсыныстарымыз өте айқын және тартымды. Бұл ұсыныстар барлық адамдарға түсінікті. Мен Совет Одағының мұндай айқын және әділетті позициясын индия халқының құттықтап отырғанына сенемін. Бірақ іетін жайына байсалдылықпен қарап, жағдайды дұрыс бағалау керек. Әрбір жануардың өз азығын қорек ететіні жұртқа мәлім. Мысалы, жолбарыс етті, ал буйвол — шөлгі қорек етеді. Буйволды етпен қоректенуге күшпен көндіруге болмайды, жолбарысты шөлмен қоректендіруге күшпен көндіруге болмайды. (Жыйналғандардың арасында қозғалыс). Мен насихатпен шұғылданып отыр деп маған бүдік тудырмайтын болу үшін мен бұл пікірді оның әрі дымылмаймын. Бұл пікір сіздерге түсінікті деп ойлаймын. (Қолшапалақтау, жыйналғандардың ара-

еңбегінің едәуір бөлегі мемлекетті бейбіт өркендетуге емес, қайта соғыс мақсаттарына жұмсалады деген сөз. Ал батыс державалары ағуы істегісі келмей отырған уақытта, біз қару-жарақты азайту жұмысын оған әрі біржақты жүргізе бере аламыз ба? Мен бұған орыстың мынадай мағалыммен жауап беремін: қасқырмен бірге тұрсаң, қасқырға ұлысың. (Жыйналғандардың арасында қозғалыс).

Егер Батыс державаларының атом және сутегі қаруын өндіруге тығым салғысы келмейтін болса, тіпті оны қолдануға тығым салу туралы уәде бергісі келмейтін болса, онда ағуның өзі бізді де атом және сутегі бомбаларын, ракеталық техниканы және қырып-жоюдың басқа да әртүрлі құралдарын өндіруге мәжбүр етеді: бүгін көптеген елдердің газеттерінде, соның ішінде Индияның кейбір газеттерінде де Совет Одағында атом бомбасының жарылғаны туралы хабар жарияланды. Мен мұндай жарылыс болған жоқ деп айтпаймын. (Жыйналғандардың арасында қозғалыс, күлкі). Мұндай жарылыс шынында да болды. Мұның өзі талдандарлықтай күшті жарылыс болды. Ертең біздің баспасөзіміз бұл жөнінде тиісті хабар жариялайды.

Соңғы уақытта атом қуаты саласындағы ғылыми-зерттеу және эксперимент жұмыстарының жоюларына сөйкес біздің елімізде атомдық және термоядролық (сутегі) қарудың жаңа түрлерін сынау жұмысы жүргізілді. Бұл сынаулар тиісті ғылыми-зерттеу есептерін толығымен ақтады. Бұл сынаулар сонымен қатар совет ғалымдары мен инженерлерінің маңызды жаңа жетістіктерін көрсетті. Сутегі бомбасын тәжірибе ретіндегі соңғы жарылыс осы уақытқа дейін жасалған барлық жарылыстардың ішіндегі ең күштісі болды. Біздің ғалымдарымыз бен инженерлеріміз ядролық материалдарды біршама шағын мөлшерде пайдаланып, өзінің жарылу күші жағынан әдеттегі жарылғыш материалдың бірнеше миллиондаған тоннасының жарылуына тең келетін күшті жарылыс жасады. Бірақ мен, достар, Совет Одағының бұл қарумен ешқандай да қыянға істемейтінін мәлімдеймін (қолшапалақтау, жыйналғандардың арасында қозғалыс), ал егер бұл бомбалар қалалар мен селолардың үстінде шұшақтықта да жа-

дау жұмыстарың ойдағыдай өткізумен бірге, төрт айдың ішінде жаңадан клуб, сыйымдылығы 7 мың центнер өкі астық қоймасын, сыйыр және қой қораларын, дүрмен, электр станциясының үйін, монша талды. Осы сыяқты жұмыста инициатива көрсетіп жүрген кадрлар әрбір ауданда көптеп саналады.

Бірақ бұл айтылғандардан біздің кадрларымыздың арасында өздеріне тапсырылған іске нәтижелі қарайтын, саяси-шаруашылық міндеттердің кезінде орындалуын қамтамасыз ете алмайтын адамдар жоқ деген ұғым тұмайды. Бір мысал. Совет аудандық партия комитетінің МТС аймағы жөніндегі бұрынғы секретары Павленко жолдас саяси басшының дәрежесінде бола алмады. Ол партия ұйымдарымен байланысты әлсіретті, партиялық-саяси жұмыстың, колхоз өндірісінің түбірлі мәселелерін шешуде инициатива көрсетпеді. Павленко жолдас өзінің кемшіліктері жөнінде аудандық комитеттің пленумында айтылған сын ескертпелерден дұрыс қорытынды шығармады. Осылай болғандықтан аудандық партия конференциясының делегаттары аудандық комитеттің жаңа құрамын талқылағанда Павленко жолдасқа сенім білдірмей, жабық дауыс тізімімен шығарып тастады. Бұл факті біздің кадрларымызға үлкен сабақ боларлықтай.

Сонымен қатар кейбір кадрлардың тапсырылған іске жауапкершілікті әлсіретуі жөніндегі бұл және басқа фактілер партия

жұмыстарына міндетті.

Партия ұйымдары кадрлардың жұмысына бақылауды, талапты арқапан күшейтіп отырулары керек. Мұнысыз жақсы кадрлардың өздері де жұмыста салақсып, дәрменсіздікке ұшырауы мүмкін. Кадрлардың жұмысы олардың сөйлеген сөздеріне қарай емес, жергілікті жердегі істің жайына қарай бағалануы керек.

«Бізге керекі, — деп көрсеткен болатын ұлы Ленин, — адамдардың іске жарамдылығын тексеру, істің нақтылы орындалуын тексеру... Адамдарды тексеру және істің нақтылы орындалуын тексеру — бүкіл жұмыстың, бүкіл саясаттың тетігі енді осында, тағы да осында, тек қана осында». Лениннің бұл нұсқау кадрларды тәрбиелеу жұмысының негізі болып табылады.

Кадрлардың жұмысы жөнінде жоғарыдан болатын тексерісті төменнен болатын тексеріспен ұштастырып отыру қажет. Тексерісті бұлай ұйымдастыру кадрлардың жұмысындағы кемшіліктерді деркесінде жоюды қамтамасыз етеді, директивалар мен қарарлардың деркесінде жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді. Тексерістің барысында сын мен өзара сынның жоғары жөнінде бұқараның пікір айтуына жетісу қажет.

Кадрлардың тапсырылған іске жауаптылық сезімдерін үнемі арттырып, олардың ескелең міндеттер дәрежесінде бола берулеріне жетісе берейік!

## Москва метрополитенін В. И. Лениннің есімімен атау туралы

СССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Ленинград метрополитені құрылысының аяқталуымен және оның В. И. Лениннің есімімен аталуымен байланысты, сондай-ақ өзінің 20 жыл ішіндегі жұмысында астаналық метрополитенің үлгілі совет метрополитені ретінде бүкіл жұртшылықтың құрметіне бөленгенін атап көрсетіп, Москва метрополитені Коммунистік партияның ұлы жосемі және Совет мемлекетін орнатушы Владимир Ильич Лениннің есімімен аталатын болсын және бұдан былай Москва метрополитені «Москваның В. И. Ленин атындағы метрополитені» деп аталсын.

СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. ВОРОШИЛОВ.

СССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Н. ПЕГОВ.

Москва, Кремль  
25 ноябрь, 1955 жыл.

## Москваның В. И. Ленин атындағы метрополитенінің „Охотный ряд“ станциясының атын өзгерту туралы

СССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Л. М. Каганович жолдасының Москва метрополитенінің салудағы және оның жұмысын ұйымдастырудағы сіңірген еңбегі атап көрсетіліп «Охотный ряд» станциясы «Л. М. Каганович атындағы станция» деп өзгертілсін.

СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. ВОРОШИЛОВ.

СССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Н. ПЕГОВ.

Москва, Кремль  
25 ноябрь, 1955 жыл.

Бірақ, осыған қарамастан, біздің мемлекетіміздің ұдайы өсіп, өркендеп келетінін жүріксіз мәлім.

Совет мемлекеті құрылғаннан бері біз үлкен жолдан өттік. Ұлы Ленин және ол ұйымдастырған Коммунистік партия бейбітшілік жолындағы, елімізде жаңа қоғам орнату жолындағы күрестің туын жоғары көтерді, міне бұл туды барлық халықтар да жоғары көтерді. Біздің еліміз Совет өкіметінің жарыққа шыққан алғашқы кезінде келеді және күйзелген ел болды. Өнеркәсіп қыйрап-бүлінген халде еді. Халықтың көп бөлегі сауатсыз болды. Міне нақ осы жағдайда жаңада ғана туған жұмысшылар мен шаруалар мемлекетінің ұлы болашағын болжап білу және еліміздің барлық халықтарын өзінің соңынан ерту үшін Лениннің данышпандық көрегендігі, оның батылдығы және болжап білетіндігі керек болды.

Сол кезде жаулар былай деді: «Совет мемлекеті жылға жетпей-ақ құлайды, Лениннен, большевиктерден ештеңе де шықпайды».

Ал сіздер көзіңіз қалай деп санайсыздар? Бұл мыралар сәуегей болуға жарай ма немесе олардың сәуегей болуына орын жоқ па? **(Жыйналғандардың арасында қозғалыс).**

Өздеріңізге мәлім, совет елінің құламағаны былай тұрсын, қайта, мұның керісінше, ол өсіп, өте күшті өнеркәсібі мен жоғары өркендеген экономикасы бар қуатты державатқа айналды.

Ал біздің Совет мемлекетінің күші неде? Неге десеңіз ол барлық капиталистік елдердің қарсыласуына қарамастан дүниеге келді, ол ешкімнен ешқандай көмек те, капитал да алған жоқ, мұның керісінше, біздің, совет адамдарының, Совет мемлекетін орнатуымызға барынша көдергі жасап келді. Бізге қарсы соғыстар, экономикалық қоршаулар ұйымдастырды, басқа да төліп жапқан көдергілер жасады, бірақ, осының бәріне қарамастан, біздің еліміз жылдан жылға күшіне күш қосып, заводтар мен фабрикалар салды, университеттер, институттар, мектептер салды, мәдениетті жоғары көтеріп, ұдайы алға баса берді.

Біз әлі кімнің интеллигенциясы көп екені, кімнің инженерлері көп екені: олардың Совет Одағында көп екені, немесе қайсыбір капиталистік мемлекетте көп екені туралы таласа аламыз.

Сонымен біздің күшіміз неде? Біздің күшіміз — халықта. Халық — бұл басты қанитал. Бұл — адамзаттың барлық игіліктерінің жасаушысы.

Өз елін азат етуде жеткен халық бүгін сауатсыз болса, оның ертең сауатты болатынын біз өз тәжірибемізден білеміз. Егер

мемлекетіміздің ұдайы өсіп, өркендеп келетінін жүріксіз мәлім.

Біз былай дейміз: біздің практикамыздағы недей бір істердің сіздерге жарайтын болуы мүмкін. Бұл сіздерге жарайтын болса — пайдаланыңыздар, ал жараймайтын болса — оны алмаңыздар, біз ешкімге ештеңені де таңбаймыз, ешқандай саяси міндеттемелерді қыздемейміз. Біз сіздерге мұны негізден ашықтап-ашық айтып отырмыз? Мұның себебі сол, біз сіздерге бауырлар ретінде шын ниетпен қарап отырмыз. **(Қолшапалақтау).**

Сіздер бізді айырықша қарсы алып отырсыздар, мұны біз де сеземіз. Біз Индияның көптеген қалалары мен селелерінде болдық, көп нәрселерді көрдік. Бүгінгі Индия өз жолында тұрған бөгеттерді бұзып өтіп, терең арысынан асып көң жайылған қуатты тасқынға ұқсап отыр. Осы тасқын өскі дүниенің зарсын ұшыруда. Ал біз индия халқының отарлық құлдықтан құтылуына, Индияның тәуелсіз өркендеу жолына түскеніне қуанып отырмыз. **(Қолшапалақтау).**

Біз Индияға негізден осылай қараймыз. Ал кейбір басқа мемлекеттер Индияның дербес өркендеуін негізден тілемей отыр? Оның себебі сол, біз сіздердің өнеркәсібіңіздің нашар өркендеп отырғанын пайдаланып қалу мақсатын алдымызға қойып отырған жоқпыз, ал оның бер жағында кейбір басқа елдердің осы әлсіздіктің есебінен байлығы келеді. Біз сіздердің өз заводтарыңыз бен фабрикаларыңызды тезірек салуларыңызды тілейміз. Сіздер бүгін бізге жақсы институтты көрсетіңіздер. Бірақ уақыт өтеді, міне сонда бұл институттың шағын өкені, оның тек істің бастамасы ғана болғанын сіздер өз көздеріңізбен көресіздер.

Біздің шын пейілі тілегіміз мынадай: Индия бүгін таңда өзінің рухы жағынан, өзінің мәдениеті мен моральдық ұлылығы жағынан қандай ұлы мемлекет болып отырған болса, ол экономикалық жағынан да осындай ұлы және мызғымас берік мемлекетке айналатын болсын. Біз оның жоғары өркендеген өнеркәсібі, алдыңғы қатарлы ауыл шаруашылығы болуын және халықтың тұрмыс дәрежесі жоғары болуын тілейміз. Өз тарапымыздан біз сіздерге осы игілікті және тамаша істе көмек көрсетуге әзіміз. **(Қолшапалақтау).**

Достар! Неру мырза мен біздің үлкен досымыз Чжоу Эн-лай қол көрсетіп, бірлескен декларацияда тұңғыш рет жарылған бес принцип туралы қаланың мәрі мырза өзінің сөзінде жақсы айтты. **(Қолшапалақтау).** Бұл принциптер Джавахарлал Неру мырзаның Совет Одағында болған кезінде Москвада қол қойылған Совет-Индия мәлімдемесінде қуатталды. Біз сіздің елмен өзара қатынастарымызды нақ осы документтің негізінде құрып отырмыз.

Менің бұған дейін айтқанымдай, сіздер

сында қозғалыс).

Достар! Біз қарусыздандыру жөнінде өте айқын ұсыныстар жасап отырмыз. Біздің өз қарулы күштерімізде 640 мың адам азайтқанымызды қаланың мәрі мырза осында бұған дейін-ақ айтты. Біз Финляндиядағы Порккала-Уддағы өзіміздің базамызды жойдық, біздің Порт-Артурда болып қалған соғыс-теңіз базамыздан бас тарттық.

Совет Одағы атом және сутегі қаруын қолдануға тыйым салу туралы ұсыныс енгізді, қарудың әдеттегі түрлерін азайту туралы ұсыныстар жасады. Біз шәрменді бақылау кооды ұсындық, ал бізге былай дейді: Құрама Штаттардың әуеден Совет Одағының территориясын бақылауына және мұның керісінше, Америка Құрама Штаттарының территориясын Совет Одағының бақылауына мүмкіндік беретіндей бақылаудың осындай түріне сіздер қашаң келісеңізге дейін біз сіздермен қарусыздандыру мәселелері жөнінде сөйлеспейміз.

Бақылаудың мұндай түрін қабылдауға болмайтыны, өйткені оның проблеманы шешпейтіні барлық жұртқа аян. Айталық, америка самолеттері Совет Одағының үстінде, ал совет самолеттері — Америка Құрама Штаттарының үстінде ұша бастайды екен. Сонда мұның пайдасы қандай болмақшы? Самолет ұшып, ондағы ұшықшы мына жерде қала, ана жерде есело тұрғанын көреді. Міне әскерлер тұр, ал ана жерде пәлендей заводтар орналасқан. Айталық, біз американдардың көптеген аэродромдары бар екенін көрдік, сондықтан біз мынадай қорытынды жасауға тиіспіз делік: артта қалып қоймау үшін біздің де жоғары көтеріліп, тағы да бірнеше аэродром салуымыз керек. **(Жыйналғандардың арасында қозғалыс).** Ал американдар өз тарапынан бізде не бар екенін көріп, олар өздерінің бұдан да көп аэродромдары, самолеттері, мүмкін, тағы да недей бірденелері болуы керек деп айтуы ықтимал.

Демек, біз мұндай ұсынысты қабылдайтын болсақ, мұның өзі тек жанталаса қарулануға ғана әкеліп соқтырады. Біз батыс державаларының мемлекет қайраткерлеріне былай деп отырмыз: егер сіздер қарусыздандудан, өз бомбаларыңыздың запастарың құртудан қорқалы екенсіздер, онда біздің ешқайсымыз атом қаруын ешқажытта да қолданбаймыз деп адал ниетті сыпайыгерлік уәдәмзді берейік. Олар мұндай уәде бере алмаймыз, өйткені сутегі және атом бомбалары өздеріне «күш теңдестіру» үшін керек болып отыр-мыс деп жауап беруде. Ал мұндай «күш теңдестірудің» мәнісі не? Бұл — жанталаса қарулану. Бұл — көптеген қаржы, халық

рыламытың болса, өз онда бақытты боламыз. **(Қолшапалақтау).** Мейлі, бұл бомбалар сақталып, соғыс бастағымен елелетіндердің жүйкесіне тиіп жатсын. Соғыс бастауға болмайтынын, өйткені соғыс бастаса, оған ойдағыдай тойтары берілетінін біліп қойсын. **(Жыйналғандардың арасында қозғалыс).**

Бізді қарудың бұл жантүршігерлік түрімен шұғылдандуға мәжбүр етті. Бізді жігерлендіріп отырған бұл емес. Біз әртүрлі машиналарды, тракторларды, плауттерді көбірек жасау үшін, бидайды, жүршікті, мақтаны көбірек өсіру үшін, халықты етпен, омыртқалы, балықпен және басқа өнімдермен молынан жабдықтау үшін зор ықласпен жұмыс істеудеміз. Міне біз осыны көздеп, осындай жолда жұмыс істеудеміз. **(Қолшапалақтау).**

Осы мақсат үшін біз бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік жолындағы күресті бұдан былай да қажырлылықпен жүргізе береміз. **(Қолшапалақтау).** Біз халықаралық шиеленісті бәсеңдету жолындағы күресті бұдан былай да жүргізе береміз. **(Қолшапалақтау).** Біз «қырғыйқабақ соғысты» жою үшін күресіп, барлық елдер арасында сауданы дамыту үшін жұмыс істей береміз. Біз халықтар арасында достық қарым-қатынастардың дамуына қамқорлық жасай береміз. Мұны өмір талап етуде. Бұған адамзат құштар болып отыр.

Адамзаттың тілектерін қанағаттандыру үшін біз шамамыздан келгендердің бәрін істейміз. Біздің күш-жігерімізді бәсеңдетуге болмайды, бірқатар елдердің агрессиялық шайғылдағы тойтары соғыс туралы азырақ айтуға, мұның есебіне мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастар туралы, бейбіт қатынастарды дамыту туралы және халықаралық шиеленісті жою туралы көбірек айтуға мәжбүр ету үшін не қажеттің бәрін жұмылдыруымыз керек.

Егер мен әлде кімдерге ұнамайтындай бірдене айтқан болсам, бұған кешірім сұраймын. **(Жыйналғандардың арасында қозғалыс, қолшапалақтау).** Менің көбінесе сіздердің ұлы халқыңызға өзімің жалынды достық сезімдерімді білдіріп, бүкіл совет халқының индия халықтарына деген ең достық сезімдері туралы айтып бергім келді. **(Ұзақ қолшапалақтау).**

Сөзімді аяқтай келіп, мен сіздердің меймандас ұлы еліңізге біздің делегациямызды шақырған тамаша адам және аса көрнекті мемлекет қайраткері — Индияның Премьер-Министрі Неру мырзана өзіміздің шын жүректен сүйейтін разылығымызды тағы да білдіремін. **(Қолшапалақтау).**

Индияның халықтары мен Совет Одағының халықтары арасындағы туысқандық достық жасасын!

Хинди-руси бхай-бхай! **(Ұзақ қолшапалақтау).**

# ҚАЛАЛЫҚ ХХІ ПАРТИЯ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

26-27 ноябрьде қалалық ХХІ партия конференциясы болып өтті. ҚКП Петропавл қалалық комитетінің жұмысы туралы қалалық партия комитетінің секретары **И. П. Полипов** жолдас есепті баяндама жасады.

Қалалық ХХ партия конференциясы қарарларының орындалуы туралы баяндай келіп, ол қала партия ұйымының еңбекшілерді партияның ХІХ съезінің қарарлары мен КПСС Орталық Комитеті июль Пленумының қаулыларын жүзеге асыру жолындағы күреске жұмылдыруда едәуір жұмыс істелгенін хабарлады. Қаланың өнеркәсіп орындары өткен он айда мемлекеттік жоспарды 106,3 процент орындады. 1954 жылдың осы уақытымен салыстырғанда 120 миллион сомның өнімі артық шығарылды.

Еңбек өнімділігін арттырудың, өндірісті ұйымдастыруды жақсартудың нәтижесінде көптеген өнеркәсіп орындары көпшілік қолды товарларды көп шығаратын болды. Өткен жылға қарағанда өнім шығару шарын литражды заводта — 36,8 процент, ет комбинатында — 63,1 процент, «Комсомолка» тігін фабрикасында — 39,3 процент артты.

Қаланың бірқатар кәсіпорындары бесінші бесжылдықтың жоспарын ойдағыдай орындап келеді. Олардың қатарына шойын құю-тарамы, сыра заводтары мен кәсіпшілік кооперацияларының көптеген кәсіпорындарын қосуға болады.

—Петропавл қаласының еңбекшілері,— деп мәлімдеді онан әрі Полипов жолдас,— колхозды деревняға едәуір көмек көрсетті. Тек соңғы бір жылдың өзінде ғана МТС-тер мен жолхоздарға және совхоздарға тұрақты жұмысқа жүзден астам адамдар жіберілді. Осы уақыттың ішінде қамқорлық көмек ретінде колхоздар мен совхоздарда 57 астық қоймалары, 121 жабық қырман, 64 сурлем орлары, өмеші сақтайтын 31 орындар және 19 мал қоралары салынды. Қаланың өнеркәсіп орындарында жүгеріні шаршы-үялап өсіруге қажетті сеяқалар үшін көптеген қажетті бөлшектер, астық тиесіштер, дала вагоншалары, тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарына қажетті запас бөлшектер жасалды. Егін жыйнау кезінде колхоздар мен совхоздардың егін далаларында қаланың жүздеген автомашиналары мен мыңдаған жұмысшылары және қызметшілері жұмыс істеді.

Мұнан кейін баяндамашы қалалық партия комитеті мен бастауыш партия ұйымдарының жұмысында әлі де болса елеулі кемшіліктер бар екенін атап көрсетті. КПСС Орталық Комитеті июль Пленумының қарарлары бірқатар заводтар

қалада құрылыс жұмыстарын жүргізуді мүлдем тоқтатып қойды.

Қаланың құрылыс ұйымдары индустриалды әдісті өндіріске нашар енгізіп, жұмыстың сапасы төмен болуына, оның өзіндік құнының қымбаттауына жол береді, өздерінің құрылыс базаларының болуына қамқорлық жасамайды және жергілікті құрылыс материалдарын өндіруді ұйымдастырмайды. Мұның бәрі құрылыс жұмыстарын жүргізу және қаланы көркейтуді ісіне керісінше әсер етпей отырған жоқ. Баяндамашы коммуналдық шаруашылық мекемелері мен сауда ұйымдарының жұмысындағы кемшіліктерге көп назар аударды.

Тексеру комиссиясының жұмысы туралы тексеру комиссиясының председателі **Ю. Г. Зерневиц** жолдас баяндама жасады.

Полипов пен Зерневиц жолдастардың баяндамалары бойынша сөз сөйлеген делегаттар қала кәсіпорындары ұйымдарының жұмысындағы кемшіліктердің себебі партиялық-ұйымдастыру және партиялық-саяси жұмыстың дәрежесі әлі де болса төмен болуында деп атап көрсетті. Қалалық партия комитеті, оның бюросы мен бөлімдері өздері қабылдаған қаулылардың және жоғарғы органдардың қарарларының орындалуын тексеру ісін белгілі дәрежеге көтере алмады. Қалалық партия комитеті бастауыш партия ұйымдарына басшылықты жақсарту, олардың кәсіпорындары мен мекемелердегі істің жайына жауапкершіліктерін арттыру мәселелеріне жете назар аудармады.

—Үстіміздегі жылдың июль айында,— деді,— темір жол бөлімшесі саясаттық бөлімінің бастығы **Чураков** жолдас,— Петропавл торабының теміржолшылары транспорттың жаңа түріне — тепловозға көшті. Жаңа техниканы енгізу халық шаруашылығы жүктерін тасымалдау ісін анағұрлым жақсартты. Локомотив депосының коллективті торғыс айлық жоспарды тепловоздардың жүрісі, техникалық жылдамдық және басқа көрсеткіштер бойынша ойдағыдай орындады. Осының нәтижесінде 9 миллион сомнан астам мемлекеттік қаржы үнемделді.

—Егер саясаттық бөлім мен тараптың партия ұйымы,— деді онан әрі **Чураков** жолдас,— теміржолшылар арасында тәрбие жұмысын жақсы ұйымдастырған болса, біздің табыстарымыз анағұрлым мол болар еді. Біздің жұмысымыздағы үлкен кемшілік сол, тараптың өнеркәсіп орындарында КПСС Орталық Комитеті июль Пленумының қаулылары әлі де болса жеткіліксіз орындалып отыр. Біз бөлімшенің біржелкі жұмыс істеуіне жетісе алғанымыз жоқ. Жаңалық тапқыштар арасындағы жұмыс өндірістің озат әлі-

жете назар аудармауының салдары, деп білу керек.

Бәсіпорындарының энергетикалық қуатын арттыру және тұрғын үйлер құрылысының жоспарларын орындау жөніндегі мәселені барынша қатаң қою қажет. Жұртқа мәлім, тұрғын үйлер құрылысының барысы мүлдем баяу. Мұның себебі мынада: құрылыс ұйымдарының басшылары тапсырылған жұмысқа жауапсыз қарайды және жергілікті құрылыс материалдары жетіспейді. Біздің кәсіпші заводтарымыз жылына 20 миллион кірпіш беруге тиіс. Ал олардың беріп отырғаны небары 9 миллион ғана.

Қалалық партия комитеті, оның өнеркәсіп-транспорт бөлімі «Петропавловскстрой» тресінің басшыларынан үй төбелеріне қажетті материалдар өндіретін цехты кезінде жұмысқа қосуды талап ете алмады. Егер ол цех жұмысқа қосылған болса, біз кемінде 3 миллион шаршыметр жоғары сапалы материал алған болар едік. Қалалық комитет темір-бетон заводтарының құрылысын жылдамдату жөнінде де маңымызды ештеңе істей алмады.

Қалалық партия комитеті құрылыс ұйымдарының партия ұйымдарын нығайту жөніндегі нұсқауды орындамады, құрылыс орындарына әлі де болса 25 коммунист жібермей отыр. Осы сияқты қалалық комитет құрылыс ұйымдарын басшы кадрлармен нығайту жөнінде де қажетті шараларды жүзеге асырмады. Осының салдарынан жұмыстан босатылған **Михеэнко** жолдас құрылыс басқармаларының бірін әлі де болса басқарып отыр.

Петропавл педагогикалық институтының директоры **Санников** жолдас институт үйінің құрылысы баяу жүргізілсе де, оған назар аудармай отырғаны үшін қалалық партия комитетін сынады.

Делегат **Демин** жолдас өзінің сөзінде бірінші қажетті товарларды сату мәселесіне тоқталды. Қалалық партия комитеті, деді ол, бұл мәселеге жете назар аудармайды. Біздің, фабрика мен завод жұмысшыларының қаланың қай жеріндегі мағалзіндерінен болса да қажетті товарларды, әсіресе, нан тағамдары мен кондитер тағамдарын жергілішке сатып алулары жөнінде қамқорлық жасалмай отыр.

Коммуналдық-шаруашылық ұйымдарының және қаланы көркейтуді жұмысы туралы айта келіп, қалалық Совет атқамінінің председателі **Вотьянов** жолдас үстіміздегі жылы Петропавлдағы құрылыс және жолдарды жөндеу ісіне 11 миллион сомнан астам қаржы босатылғанын хабарлады. Мұның өзі жұмысты кезінде жүргізуге мүмкіндік берді.

Дегенмен құрылыс жұмыстарының қарқыны әлі де болса баяу болып келеді. Мәселен «Петропавловскстрой» тресі боса-

біз, станцияның басшылары мен партия ұйымы кінәлі. Сонымен бірге қалалық партия комитетінің де кінәлі екенін айтпай кетуге болмайды. Қалалық және облыстық партия комитеттерінің өнеркәсіп және транспорт бөлімдері КПСС Орталық Комитеті июль Пленумының қарарларын жүзеге асыру жолындағы күрестің ұйымдастырушылары болуға тиіс. Бірақ біз бұл бөлімдердің тарапынан ұйымдастырушылық ролді көре алмай келеміз.

Темір жол торабы кәсіпорындарының жұмысына қанағаттанғысыз басшылық жасағаны үшін, жұмыста қағазбастылыққа салынғаны үшін қалалық комитетті сынай келіп, **Клювак** жолдас жөкелеген кәсіпорындарының жұмысындағы кемшіліктер туралы кеңестер мен жыйналыстарда сөз көп болатынын, бірақ нақтылы ештеңе істелмейтінін айтты.

Полипов жолдас баяндамасында кіріспі және басқа өнімдерді өндіру нашар ұйымдастырылғанын айтты. Өткен қалалық ХХ партия конференциясында да ол дәл осындай сөзді айтқан болатын. Бір жылда қандай өзгеріс болды? Бұдан қалалық комитеттің өнеркәсіп бөлімінің жұмысында өзгешелік байқалды ма? Мейінше, ешқандай өзгеріс жоқ сияқты. Полипов жолдас «кіріспі неге аз өндіріледі, оның себебін зерттеп, анықтау керек» дегенді көп айтады. Ал бізде бұл жөнінде әңгіме аз болып жүр ме? Әрбір мәжіліс пен кеңесте зерттеу керек, анықтау керек, тексеру керек деген жалаң сөздер аз айтылмайды. Бірақ бірқатар басшыларымыздың құрғақ сөзден аспай, нақтылы іске белсенді кіріспеулеріне таңымыз бар.

—Қалалық партия комитеті,— деді онан әрі **Клювак** жолдас,— өнеркәсіп орындарының жұмысына басшылық еткенде тек өнеркәсіп-транспорт бөлімінің жыйнаған хабарлары мен мәліметтеріне ғана сүйенеді. Полипов жолдас өзінің баяндамасында Петропавл станциясы көптеген цехтарды кезінде жөнелте алмады, деді. Бұл — біздің коллективтің жұмысындағы үлкен кемшілік. Ал көптеген поездар кезінде неге жөнелтілмеді? Мұның себебін өнеркәсіп-транспорт бөлімінің қызметкерлері де, қалалық комитеттің секретарьлары да жете білмейді. Станцияның жұмысындағы кемшіліктерді жою жөнінде қалалық комитеттің тарапынан ешқандай көмек болмады. Біз қалалық комитеттің секретары **Чернышов** жолдас пен өнеркәсіп-транспорт бөлімінің бұрынғы меңгерушісі **Кравцов** жолдасы станцияда көре алмадық.

Аяқкім фабрикасы партия ұйымының секретары **Бойченко** жолдас өзінің жұмыс тәжірибесін ортаға сады. Ол кәсіпорында социалистік жарысты ұйымдастырудың тәжірибесі туралы, цехтағы бірқатар жас

—Қаланың кәсіподақ ұйымдарында,— деді кәсіподақтардың облыстық Советінің председателі **Цимбал** жолдас,— есеп беру-сайлау жыйналыстары өтуде. Бұл жыйналыстарда кәсіподақ ұйымдары мен кәсіподақтардың облыстық Советінің бірқатар басшы қызметкерлері батыл сынга алынууда. Шынында да біздің жұмысымызда елеулі кемшіліктер бар. Ол кемшіліктердің бірі мынада: өндіріс озаттарының тәжірибелері жеткіліксіз насихатталады. Қала өнеркәсіп орындарының мыңдаған жұмысшылары кәзірдің өзінде бесжылдық тапсырмаларын орындады. Ал біз еңбектің озат әдістерін зерттеу, оны жалпының игілігіне айналыту ісімен жете шұғылданбадық.

Осы сияқты еңбекшілердің мәдени-тұрмыстық жағдайларына да жете назар аударып келеді. Құрылысшылардың жұмысшылар поселкесінде кинотеатрлар мен клубтардың болмауы қызығаларлық е. **Цимбал** жолдас сөзінің соңында кәсіподақ ұйымдарына партия басшылығы туралы айтты.

Қалалық прокурор **Пан** жолдас социалистік меншікке ұқыптылықты күшейту және советтік заңдылықты қатаң сақтау мәселелеріне тоқталды. Сонымен қатар ол құрылыс ұйымдарының жас жұмысшылары арасында тәрбие жұмыстарын жақсартудың қажеттілігі туралы айтты.

—Қаланың өнеркәсіп орындарында,— деді қалалық комсомол комитетінің секретары **Марков** жолдас,— көптеген жастар жұмыс істейді. Комсомол-жастар бригадаларының барлығы дерлік Ұлы Октябрь мерекесі күніне бесжылдық тапсырмаларын толық орындаумен келді. Жас жұмысшылар арасында рационализаторлық қозғалыс кең өріс алды. Үстіміздегі жылы жастардың саяси оқуын ұйымдастыру жұмысы да едәуір жақсарды. Кәзір біз партия ұйымдарынан комсомолдердің техникалық оқуын ұйымдастыруды: жас мастерлердің мектебін, мамандықтар бойынша конференциялар мен кеңестер ұйымдастыруды сұрап отырмыз. Жас жұмысшылар ғылымның әртүрлі саласымен қаруланып, бірнеше мамандықты игеруге тиіс.

Қалалық комсомол комитеті, жас активтер қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету жөнінде милиция орындарына зор көмек көрсетіп келеді. Қаладағы тәртіпті сақтау жөнінде арнаулы комсомол штабы ұйымдастырылды. Солай бола тұрса да бірқатар партия ұйымдары бұл сияқты маңызды жұмыстан тыс қалып келеді.

Қалалық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі **Чаева** жолдас конференцияға қатысушылардың назарын еңбекшілері медициналық қамту жұмысын жақсарту тиімді жарасты тұрмыс насихатын кеңі-

ті июль Пленумының қарарларын жүзеге асыру күресіне коллективті ұйымдастыру жөніндегі жұмысын баяндады.

—Облыстық баспасөзде,— деді ол — қала өнеркәсіп орындары қызметкерлерінің техникалық прогресті онан әрі жақсарту, өндіріс мәдениетін арттыру жолындағы күреске шақырған вагоншылардың үндеуі жарияланды. Бұл бағалы бастама барлық кәсіпорындары коллективтерінің қызу қолдауын тапты. Қалалық партия комитеті бұл бастама бойынша кәсіпорындары коллективтерінің қабылдаған міндеттемелерін орындауын бақылауды ұйымдастыруға, партия ұйымдарына бұл жөнінде практикалық көмек көрсетуге тиіс.

**Цветков** жолдас қалалық партия комитетін бастауыш партия ұйымдарының ішкі жұмысына назар аудармайтыны үшін сынады. Қалалық партия комитеті коммунистердің белсенділіктерін арттыру, олардың күшін өлтірісті жақсартудың практикалық мәселелерін шешу ісіне жұмылдыру жөнінде аз көмектеседі. **Цветков** жолдас кейбір мәселелерді үстірт жазғаны үшін «Ленинское знамя» газетінің редакциясын да сынап алды. Газеттің соңғы бір номерінде, деді ол, біздің завод өң аялық жоспарды орындады, деп жазылды. Ал, расында біз жоспарды орындап алмадық. Газеттің екінші бір номерінде завод октябрь айының соңғы онкүндігінде ноябрь айының себебіне жұмыс істеді, деп жазылды. Газеттегі бұл хабар шындыққа жанаспайды.

Вагон участогі партия ұйымының секретары **Чекунев** жолдас өзінің сөзінде мәдени-ағарту мекемелерінің сапын шөбейту мәселесіне ерекше назар аударды.

—Теміржолшылардың жұмысшылар пәлсажасында қаланың 5 мыңнан астам халқы тұрады,— деді ол.— Ал мұнда 600-650 адам сыятын бір ғана клуб бар.

Қалалық финанс бөлімінің меңгерушісі **Бармашов** жолдас кейбір шаруашылық басшыларының финанс тәртібін бұрмалау фактілеріне тоқталды. Басшы шаруашылық қызметкерлері кейбір жерлерде мемлекет қаржысын орынсыз жұмсайды. «Совхозводстрой», «Петропавловскстрой» трестері сияқты ұйымдарда қызметкерлердің көшіп келіп, орналасуы үшін деген сияқты себептерді бетке ұстап, басшы шаруашылық қызметкерлері мыңдаған сом қаржыны орынсыз жұмсаған. Финанс органдары тексеріс жүргізген ұйымдар мен мекемелерде шаттан тыс 45 адам жұмыс істейтіні, оларға ай сайын 18 мыңнан астам еңбеккері төленетіні анықталды.

Конференцияда облыстық партия комитетінің секретары **Борзов** жолдас сөз сөй-

жәсіпорындарында қанағаттанғысыз орындалып келеді. Кейбір партия, жәсіподақ ұйымдары еңбекшілердің социалистік жарысына формальді басшылық етіп, оның қорытындыларын кезінде шығармайды, өндіріс озаттарының тәжірибелерін насихаттамайды. Қалада жеті өнеркәсіп орны әлі де болса мемлекеттік жоспарды жөнінде орындай алмай отыр. Әсіресе № 1 кірпіш заводы (директоры Живченко жолдас) жұмысты өте нашар істейді. Мұнда үстіміздегі жылдың өткен үш тоқсанының өндірістік программасы небары 56,9 проценті ғана орындалды. Завод қаланың қажетіне 1 миллион данадан астам кірпіш бере алмай, борышты болып қалды. Мұндағы жұмысшылар мен ішкі резервтердің жеткілікті болуына қарамастан, «Главмука» завод басқармасының жәсіпорындары да өнім шығару жөніндегі тапсырманы орындай алмайды. Осы сыяқты темекі фабрикасы мен Панфилов атындағы жәсіпшілік артелі де он айлық жоспарды орындай алмады. Темір жол торабы жәсіпорындарында, әсіресе локомотив депосы мен Петропавл станциясында озат техниканы пайдалану жөніндегі мүмкіншіліктер толық пайдаланылмайды, жұмыста ақау жіберу фактілері кездеседі. Темір жол бөлімшесінің басшылары, тораптық партия комитеті мен саясаттық бөлімі жұмыстың жабын жақсарту жөнінде қажетті шаралар қолдана алмай келеді.

Бәлтеген өнеркәсіп орындарының партия ұйымдары мен шаруашылық басшылары КПСС Орталық Комитеті июль пленумының қарарларын жүзеге асыру жөнінде жұмысшылардың ұсыныстары бойынша белгіленген шаралардың кезінде орындалуын қамтамасыз ете алмай отыр. Кейбір жерлерде жаңа техника мен озат технология өндіріске бауу енгізіледі. Өнімнің сапасын жақсартып, оның өнімділік құнын көміту жөніндегі күрес жеткілікті жүргізіледі. Республиканың өнеркәсіп орындары мен жәсіпшілік кооперацияларында тапсырма өнімнің түр-түрі бойынша орындалмай отыр.

Қалада құрылыс жұмыстары кең өріс алды. Жетелеген құрылыс ұйымдарының коллективтері өздерінің жұмысының біраз жақсаруына жетісті. Темір жол бөлімшесінің құрылыс участогі, № 8 құрылыс-монтаж басқармасы, № 1 жол басқармасы өндірістік жоспарларды ойдағыдай орындап келеді.

Алайда, қаланы тұтас алғанда, құрылыс ұйымдарының жұмысын қанағаттанарлық деуге болмайды. Құрылыс жұмыстарына бөлінген 109,5 миллион сом қаржының небары 78 миллион сомы ғана пайдаланылды. СССР Құрылыс министрлігінің құрылыс басқармасы (бастығы Шостақ жолдас), «Заготстрой» тресті (бастығы Солнышкин жолдас) және «Петропавловскстрой» тресті (бастығы Зисович жолдас) өндірістік, әсіресе тұрғын үй құрылыстарын пайдалануға беру мерзімдерін ұзаққа созып отыр. Ал Петропавл құрылыс-монтаж мекемесі

терін насихаттау ісі нашар ұйымдастырылған.

Ет-консерв комбинатының директоры Галныкин жолдас өзі басқарып отырған жәсіпорны коллективінің партияның XX съезі құрметіндегі социалистік жарыста қол жеткен кейбір табыстарын баяндай келіп, қалалық партия комитетінің бастауыш партия ұйымдарына басшылық етудегі кемшіліктеріне тоқталды.

—Комбинатта, — деді ол, — бірнеше цех партия ұйымдары мен партия топтары бар. Олар администрацияның жұмысына партиялық бақылауды жеткіліксіз жүргізеді. Өйткені бұл ұйымдардың секретарьларының көпшілігі партия жұмысында тәжірибелері кем, жас адамдар. Солай бола тұра да қалалық партия комитеті олармен семинар сабақтарын өткізіп, партиялық жұмыстың практикасына үйретуді ескермей келді.

Қалалық партия комитетінің өнеркәсіп, транспорт бөлімі өзінің жұмысын жаңа міндеттер дәрежесіне сай қайта құра алмады. Бұл бөлім бұрынғы әдетінше, жәсіп-орындары мен олардың партия ұйымдарына практикалық көмек көрсетудің орнына, түрлі мәліметтер жыйнаудан арылған жоқ.

Делегат Чекирда жолдас өзінің сөзін жергілікті құрылыс материалдарын өндірудің қажеттігіне арнады. Қалалық партия комитеті жылу-электр орталығының құрылысына нашар көмектеседі. Рас, қалалық комитеттің бюросы бұл мәселе жөнінде құлау қабылдады. Бірақ, не пайда, қаулының орындалуы жүзеге асырылмай, ол қараз жүзінде қалып қойды.

—Қоғамдық тамақтандыру орындарының қызметкерлері, — деді асханалар мен ресторандар трестінің директоры Серов жолдас, — өздерінің жұмысын біраз жақсартты. Товар айналымының жоспары артығымен орындалды. Бірақ мұнымен қанағаттануға болмайды. Өйткені біздің қаламыз жыл сайын өсіп келеді, ал қоғамдық тамақтандыру орындарының жүйесі көнейтілмейді. Қалалық Совет атқомі жаңадан салынған үйлер есебінен асханалар үшін үй бөруді ұмыт қалдырды. Қоғамдық тамақтандыру орындары, әсіресе қаланың шеткі аймақтары мен жұмысшылар поселкасында жоқтың қасы. Партия ұйымдары қоғамдық тамақтандыру орындарының санын арттырып, олардың жұмысының жақсара беруіне жетісулері керек.

Облыстық партия комитетінің өнеркәсіп және транспорт бөлімінің меңгерушісі Намынин жолдас былай деді:

—Қалада жәсіпорындарының өндірістік алаңдарының кеңеюі соншалықты маз емес. Заводтарға босатылған күрделі құрылыс қаржысы толық жұмсаламайды. Өткен он айда бұл мақсатқа босатылған қаржы жартылай да пайдаланылмайды. Бұл қалалық партия комитетінің өнеркәсіп орындарының өндірістік қуатын арттыруға

тылған қаржының жартысын ғана пайдаланды. Осы күнге дейін қонақ үйінің, педагогикалық институт үйінің құрылыстары аяқталмай келеді. Бұл трестің жұмыс стилі мынадай: бір құрылысты бастаса, екіншісін құлатып жатады. Зисович жолдас басқарған құрылысшылар қалалық ауруханаға су түтігін жеткізуді жаз бойы жүргізді. Соның өзінде олар жолдарындағы электр линиялары мен радиожүйелеріне көп нұқсан келтірді.

СССР Құрылыс министрлігінің Шостақ жолдас басқарған басқармасының жұмысы да дәл осындай. Ленин көшесіндегі магазинді бұзып, оның орнына босатқанына жылдан астам уақыт өтті. Солай бола тұра да бұл жерге салынатын жаңа үй іргесінің негізі де қаланған жоқ.

Мұнан кейін Вотяков жолдас қаланы көркейту мәселелері бүкіл жұртшылықтың, әсіресе өнеркәсіп орындары басшыларының назарын қажет ететінін айтты. Бірақ, амал, не деді ол, бізде бұл мәселеге назар аудармайтын сыра заводының директоры Оразов, электр қуатын өткізбейтін бұйымдар жасайтын заводтың директоры Кузин сыяқты басшылар да жоқ емес. Бұлар жәсіпорындарында пайдаланылған суларды Ойқаларға бетімен ағызып, көшелерді ластайды.

—Бірқатар жетістіктерге не болғанымызбен, — деді Петропавл станциясы партия ұйымының секретары Ключев жолдас, — біздің жұмысымыз әлі де елеулі кемшіліктер бар. Еңбек тәртібін бұрмалау, жұмыста ақау жіберу фактілері жиі кездеседі. Бұл кемшіліктер үшін ең алдымен

## ЖУРНАЛДАРҒА ШОЛУ

Облыстық кітапхананың оқу залында бірқатар саяси-қоғамдық, экономикалық журналдар бар. Кітап оқушылар қажетті уақытында төмендегі журналдарды алып оқуына болады:

«Эспросы истории» — ай сайын шығып тұратын ғылыми-зерттеу журналы. СССР Ғылым академиясы тарих институтының органы. Журналда советтік тарихи әдебиеттерде сымды талдаулар, тарихи ғылыми-зерттеу мекемелеріндегі жаңалықтар, тарихи мақалалар жарияланып отырылады. Журнал орта мектептің мұғалімдеріне, жоғары дәрежелі оқу орындары тарих факультеттерінің студенттеріне арналған.

«Эспросы философии» — теориялық журнал. Мұнда негізінен диалектикалық және тарихи материализмнің мәселелерін ғылыми талдайтын мақалалар, философия, логика, эстетика және басқа тақырыптары мақалалар жарияланады. Журналда сонымен қатар буржуазиялық реакциялық философияға қарсы күреске арналған бөлім, айтыс, сын және библиография бөлімдері бар. Жылғына алты рет шығып отырады.

«Вопросы экономики» — СССР Ғылым академиясы экономика институтының айына бір рет шығып тұратын журналы.

жәсіпорындардың өсімі қысқарса, жеткізілмегені жөнінде айтты. Бойченко жолдас жоспардың өсуіне байланысты фабриканың өндірістік базасын ұлғайтудың қажеттігіне тоқталды. Егер фабрика өткен жылы 270 мың пар аяқкімдерін шығарған болса, 1956 жылы фабрика 3600 мың пар аяқкімдерін шығаруға тиіс. Бұл жөнінде қалалық, облыстық партия комитеттері біздің министрліктің алдына көзірден бастап мәселе қоюы керек.

Қалалық партия комитетінің секретары Попов жолдас өзінің сөзін партия оқуы мәселесіне арнады. Ол қала партия ұйымының өмірінен алынған мысалдар мен фактілер келтіріп, коммунистердің саяси біліміне деген ынталылықтарының жүн санап өсіп отырғанын сыпаттады. Партия оқуын ұйымдастыруда бюрократтық әдістің жойылуы коммунистердің саяси білім алуының лайықты түрін таңдап алуларына мүмкіндік берді. Олардың көпшілігі маркстік-лениндік теорияны өздігінен оқып үйренетін болды. Олардың оқуына көмектесу үшін жәсіпорындары мен партия комитетінің лекторийлерінде лекциялар оқу ұйымдастырылды, маман консультанттар бөлінді. Алайда жетелеген партия ұйымдарында коммунистердің саяси оқуының еріктілік принципіне қате түсінушілік бар. Кейбір жолдастар коммунистердің оқуына бақылауды әлсіретіп жүр. Мұның өзі өткен жылы бірқатар коммунистердің ешқандай оқымауына өкеліп соқты. Бұл кемшілік былай да кейбір ұйымдарда қайталанып отыр.

Журналда маркстік-лениндік экономикалық теориялар проблемалары, социализмнің саяси экономикасының проблемалары талқыланып отырылады.

Журналда экономика тақырыбындағы шығармаларға сын библиографиялар үнемі дерлік жарияланады.

«Международная жизнь» — Бүкілоқалық саяси және ғылыми білімдер тарату жөніндегі қоғамның ғылыми-саяси журналы. Айына бір рет шығып тұрады. Журналда Совет мемлекетінің және шетелдік мемлекеттердің сыртқы саясаты туралы мақалалар жарияланады.

«Искусство» — екі айда бір шығып тұратын журнал. Мұнда негізінен живопись, бейнелеу, сурет, декоративтік искусство мәселелері талқыланады. Журналда совет искусствосының толығымен жеткен мәселелері туралы, маркстік-лениндік эстетика мәселелері туралы, искусство теориясы туралы мақалалар жарияланады. Журналда советтік және классикалық искусствоның аса көрнекті шығармаларының репродукциялары да басылады.

**О. БАЛДИНА,**

облыстық кітапхананың оқу залының меңгерушісі.

нен өсітетүдін қажеттігіне аударды. Сонымен қатар ол қалада медицина қызметкерлерін пәтер үйлермен қамтамасыз ету жөнінде қажеттіліктердің жеткіліксіз екеніне тоқталды.

Шағын литражды двигательдер заводы партия ұйымының секретары Цветков жолдас жәсіпорының жұмысындағы елеулі кемшіліктерге тоқталды. Мұнан кейін ол партия ұйымының КПСС Орталық Коми-

Беспіт баяндама бойынша жарыссөзге делегаттар Санько, Любых, Чернуха, Миронов, Шляхов, Трелин және Коваленко жолдастар да қатысты.

Конференция қалалық партия комитетінің жұмысын қанағаттанарлық деп бағалады. Қалалық комитеттің тексеру комиссиясының жаңа құрамы және облыстық партия конференциясына делегаттар сайланды.

## Қалалық ХХІ партия конференциясы сайлаған ҚКП қалалық комитетінің құрамы

### ҚАЛАЛЫҚ ПАРТИЯ КОМИТЕТІНІҢ МҮШЕЛЕРІ:

Алеев И. Н.	Кацай А. Л.	Реутов Н. П.
Бородавко Я. И.	Ключев Л. П.	Сердюков П. Т.
Борзов Н. А.	Конов А. Т.	Савран И. В.
Белова Т. М.	Камынин И. М.	Сакара И. И.
Бесов Ф. С.	Климов Б. Л.	Скоробогатов В. Е.
Болатов Х. И.	Кузин С. Е.	Санников А. М.
Бармашов М. Д.	Леонов-Воробейчиков Д. Г.	Серов С. П.
Булгаков А. Р.	Любых Н. Н.	Савин М. А.
Вотяков М. В.	Левитан И. И.	Суворов Г. В.
Ворожов А. С.	Максимов П. А.	Смирнов Б. П.
Верпета А. И.	Мищенко А. Е.	Тужиков М. К.
Волейко Ю. А.	Максимов Н. И.	Трелин А. А.
Галныкин И. Т.	Марков Ю. Г.	Трушкин А. А.
Горникова А. П.	Мальшев А. Г.	Оспанов Қ. Р.
Глазунова Т. В.	Малахов А. Ф.	Федотов Д. М.
Гусельников Я. И.	Махарь П. С.	Цимбал Е. В.
Дегтяренко З. Н.	Никитин П. М.	Царев Г. А.
Дремин А. А.	Нурмолдин Г. Н.	Цветков А. В.
Ермолин И. В.	Подадько А. Я.	Чернышев А. И.
Зайцев А. Е.	Полипов И. П.	Чернуха А. А.
Зайкин К. Г.	Прядко И. И.	Чаева М. И.
Залманов И. П.	Пак К. Г.	Чекунов Н. П.
Заваленков С. Н.	Попов М. В.	Чураков В. И.
Иванюк И. А.	Попов С. И.	Чекирда В. Я.
Корчажкин В. Е.	Поляков Н. Ф.	Чепкин И. В.
Коваленко Т. В.	Петров В. Ф.	Шульгина К. П.
Козицкий А. Д.	Поляева А. Н.	Шульжицкий М. М.
Кобзев С. И.	Петров А. И.	Щебетун М. В.
Курман Х. З.		

### ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ МҮШЕЛІГІНЕ КАНДИДАТТАР:

Арнаутова А. А.	Дягиль А. С.	Наумов Л. Т.
Безуглов А. З.	Жизненко С. С.	Родина М. Н.
Валишин Г. Н.	Захарченко Г. М.	Силин А. В.
Дубцов А. М.	Левин Д. Н.	Харьков М. И.
	Максимов Н. П.	

### ҚКП ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ

Агальцев М. Д.	Макарченков М. И.	Попкова А. Т.
Александров Н. И.	Малоков А. Е.	Щербинина А. А.
Бойченко А. В.	Мельников М. Г.	Юдин С. Т.

## ҚКП қалалық комитетінің пленумы

Конференциядан кейін жаңадан сайланған қалалық партия комитетінің ұйымдастыру пленумы болды. Пленум Қазақстанның қалалық комитетінің бірінші секретарлығына И. П. Полипов, екінші секретарлығына М. В. Попов және қалалық партия комитетінің секретары етіп А. И. Чернышов жолдастарды сайлады.

Пленум Қазақстан КП қалалық комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісіне А. И. Верпета, насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісіне И. Н. Алеев, өнеркәсіп-транспорт бөлімінің меңгерушісіне Г. В. Суворов, жоспарлау-финансау бөлімінің меңгерушісіне К. П. Шульгина жолдастарды сайлады.

# Конюхов ауданының колхоздары барлық жемшөптің 98 процентін қыстауларға тасып алды

## Бәрі де қоғамдық малдың қамы үшін

Үстеміздегі жылы мал азығын дайындау жұмыстарының барлық саласын ұштастыра жүргіздік. МТС қамтуындағы колхоздарда қоғамдық мал үшін 10354 тонна жабайы мал азығы дайындалды. Бұл белгіленген жоспардан анағұрлым артық деген сөз. Сонымен қатар, әрбір сыйыр малы үшін 6 тонна құнарлы азық дайындалды.

Бұл арада ерекше атап көрсететін бір мәселе сол, МТС басшылары мен колхоз басқармалары жазды күні мал азығын дайындау кезінде дайындалған жемшөпті жедел мал қораларына тасу жұмысын ұйымдастырды. Өйткені өткен жылдардың тәжірибесі жемшөпті қысты күні тасу оның мыршаққа ұшырауын көрсетті. Жемшөп дайындауда жұмыс істейтін трактор бригадаларында 20 трактор мал қораларына иіп тасу үшін бөлінді. Бұл техникамен дайындалған жемшөптің бірқатары август, сентябрь айларында мал қораларына тасылып үйілді.

Шөп шабу жұмыстары аяқталғаннан кейін бұл жұмысқа 15-тен астам донғалақты тракторлар бөлінді. Әрбір тракторға 8 бричка тіркелді. Демек шөп тасу үшін механизаторлардың сөзімен айтқанда «позездар» бөлінді. Сонымен қатар өздігінен шөп шабатын машиналар мал азығын тасу үшін транспорт ретінде пайдаланылды. Колхоз басқармалары техника күшіне ғана сеніп отырмай, жемшөпті мал базаларына тасу үшін қолда бар көлік күшін жұмысқа қосты. МТС қамтуындағы колхоздарда октябрь, ноябрь айларында 30—40 көлік жұмыс істеді. Мал базаларына шөп тасуға № 12 трактор бригадасының (бригадирі Баух жолдае), № 4 трактор бригадасының (бригадирі Зубенко жолдае) механизаторлары өздерінің қажыры еңбектерімен ерекше көзге түсті.

МТС дирекциясы мен колхоз басқармаларының, бастауып партия ұйымдарының мал азығын дайындау жөніндегі барлық жұмыстарды ұштастыра жүргізуі дайындалған жемшөпті декабрьдің 1-не дейін мал базаларына тасып үюді қамтамасыз етті.

Ендігі мәселе жеткілікті мөлшерде дайындалған жемшөпті малға алдын ала әзірлеп, өңдеп беруде болып отыр. Біз бұл жұмысты да алғашқы күндерден бастап ойдағыдай ұйымдастырып келеміз. МТС қамтуында 8 колхоз бар. Көзір 5 колхозда сүрлемтурағыш жұмыс істейді. Ал қалған 3 колхозда талудағы күндері сүрлемтурағыштар жұмысқа қосылады. Товарлы-сүт фермаларының бәрінде де мал азығын булагыштар орнатылып, жұмысқа қосылды. Колхоздардың шошқа фермаларында азық қушьяларының жұмыс істеуі қамтамасыз етілді.

МТС пен колхоздардың мал шаруашылығы мамандары малды азықтандырудың рационның белгіледі. Мәселен, әрбір сыйыр малына орта есеппен алғанда күніне 13—15 килограмм жабайы азық, оның ішінде 5 килограмм сабан, 15 килограмм сүрлем беріледі. Малды осылай азықтандыру оның өнімділігін арттыруға мүмкіндік беріп отыр. Мысалы, октябрь айында әрбір сауын сыйырдан 127 литр сүт алынды, бұл өткен жылғыдан 35 литр артық. Ал, Киров атындағы колхоз октябрь айында әрбір сыйырдан 143 литр сүт сауды.

Біз мал қыстату маусымын ойдағыдай өткізу, мал шаруашылығының өнімін арттыру үшін не қажеттің бәрін де жүзеге асырамыз.

**М. ВЕРТИН,**  
Суворов МТС-нің директоры.

**Жемі көптің сүті көп**



Мал қыстатуды үлгілі өткізу әрбір колхозда дайындалған жемшөпті мал қыстайтын орындарға ерте бастап толық тасып алуды талап етеді. Бұл жұмыс Конюхов ауданы колхоздарында ойдағыдай ұйымдастырылып отыр. Аудан колхоздары бойынша дайындалған 21418 тонна пішеннің 21200 тоннасы, 5600 тоннадан астам маяланған сабан түгелімен мал қоралары жанына тасылып алынды.

Газеттің осы номерінде аудан, МТС, колхоз басшылары және алдыңғы қатарлы мал өсірушілер жемшөпті фермаларға толық тасып алуды және мал қыстатуды, жемшөпті ұқыптылықпен жұмсауды ұйымдастырудағы өздерінің қол жеткен табыстары жөнінде баяндайды.



СУРЕТТЕ: Конюхов ауданының бір топ сауыншылары мен зоотехниктері. Төменде — (солдан оңға қарай) Киров атындағы колхоздың сауыншысы **Е. Засильева**, «Новый путь» колхозының зоотехнигі **Н. Свертланова**, осы колхоздың сауыншысы **Н. Лузина**, «Искра» колхозының сауыншысы **В. Ярошенко**, Куйбышев атындағы колхоздың зоотех-

нигі **П. Добровольцев**, «Новый путь» колхозының сауыншысы **В. Кажва** жолдастар. Жоғарыда — (солдан оңға қарай) «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының сауыншысы **А. Петухова** және Молотов атындағы колхоздың сауыншысы **Н. Зубенко** жолдастар.

Суреттерді түсірген **А. Розенштейн**.

## Мал қыстатуды үлгілі өткізу күресінде

Біздің ауданның колхозшылары мен механизаторлары мал қыстатуға әзірлік жұмыстарын жән-жақты жүргізді. Барлық фермаларда бұрыннан пайдаланылып жүрген мал қоралары держесінде сапалы жөндеді. Бірқатар колхоздар жаңадан салынатын қоралардың құрылысын күннің жылы кезінде аяқтап, пайдалануға берді.

Колхоздарда қоғамдық мал үшін 21418 тонна пішен дайындалды. Пішен дайындау жұмысын шабылып, маяланған шөпті мал қыстайтын орындарға тасып жеткізумен қатар жүргізуді көптеген колхоздар практикаға айналдырды. Осының негізінде Мичурин атындағы, Молотов атындағы, Киров атындағы колхоздар дайындалған пішенді ауа райының жылы кезінде мал фермаларына толық тасып алды. Сонымен бірге басқа шаруашылықтардың да колхозшылары мен механизаторлары жемшөп тасуды қыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ қызу жүргізді. Жергілікті партия, совет ұйымдары жемшөп тасуға жүрген колхозшылар мен

**Еңбекшілер депутаттары Конюхов аудандық Советі аткомінің председателі Н. Мишкарев жолдаспен әңгіме**

\*\*\*

күтін-сағуды дұрыс ұйымдастыру болып отыр. Міне, ауданның партия, совет ұйымдары, ауылшаруашылық органдары, мал шаруашылығының мамандары бұл күндері колхозшылардың күш-мүмкіншілігін осыған жұмылдырды. Көзір барлық колхоздардағы фермалар өз ісін сүйіп атқаратын мал өсірушілермен қажетінше толықтырылды. Әрбір фермадағы колхозшылардың не істейтіндігі белгіленді. Малды күту, азықтандыру, суару жұмыстарының жұмыс күні тәртібі жасалып, оның қалтқысыз жүзеге асырылуы жүйеге қойылды.

Мал өсірушілер қолда бар жемшөпті ұқыптылықпен жұмсауға ерекше назар аударуда. Бұл үшін барлық малға азықты алдын-ала тағайындалған норма бойынша беру тәртібі сапалы сақталып келе-

ді осы көмшіліктерінен қорытынды шығара отырып, соңғы кезде сүрлемді дұрыс пайдалану шараларын ұйымдастырды.

Сол сияқты әрбір сыйырға 6—10 тоннадан сүрлем әзірлеген «Красная крепость», «Искра», «Новый путь», Ленин атындағы колхоздар да күндіз азық рационның сүрлемнің үлес салмағын едәуір молайтып, осы арқылы сыйырлардың сүттілігін арттыруға жетісуде.

Бірқатар колхоздар алдағы жылы мал санының едәуір көбейетіндігін ескере отырып, мал қораларын жабдықтауды осы күннен бастап қолға алды. Мәселен, Киров атындағы колхоз стандартты сыйыр қорасының құрылысын аяқтап келеді. «Большевик» колхозы жаңа төл үшін салу үшін құрылыс материалдарын дайындауда, дәл осы сияқты басқа да колхоздарда мал қоралары құрылыстарында арнаулы бригадалар жұмыс істейді. Жаңа құрылыс жұмыстарын кең көлемде жүргізу үшін әрі арзан, әрі тиімді құрылыс материалы болып табылатын қа-

## Депутаттар мал шаруашылығын өркендету күресінде

КПСС Орталық Комитеті январь Пленумының қаулысында алға қойылған аса зор абройлы міндет — мал шаруашылығын барынша дамыту, оның өнімділігін арттыру жолындағы күресте біздің селолық Советтің қамтуындағы колхоз еңбекшілері зор табысқа ие болып отыр. Быйылғы жылы колхоздар жемшөпке өт, сүт және жүн өнімдерін тасыру жоспарларын толық орындап шықты және өткен жылға қарағанда мал өнімдерін тасыру мөлшері әлдеқайда артық болды.

Ауыл шаруашылығы еңбекшілерін қуанышқа бөлейтін бір жағдай, быйылғы жылы колхоздар бойынша мемлекетке сүт өт және жүн өнімдерін тасыру, сату жоспарларының асыры орындалғаны болып отыр.

Селолық Советтің қамтуындағы колхоздар мал шаруашылығындағы аса бір жауапты мәселе — мал қыстату маусымына қызу әзірленді. Мәселен, быйылғы жылы Мичурин атындағы колхозда 120 бастық типтік сауын сыйырлар қорасы, «Искра» колхозында 200 бастық шошқа қорасы, сол сияқты, «Пролетарское знамя» колхозында бей қорасы салынды.

Сонымен қатар колхоздар қоғамдық мал үшін қысқа қажетті жемшөпті толық дайындап, оны мал қоралары жанына тасу жұмыстарын кәзірдің өзінде толық аяқтады. Сөйтіп, қоғамдық мал қысқа қажетті жемшөп және сүрлем жөнінен толық қамтамасыз болып отыр. Мәселен, «Искра», «Пролетарское знамя» колхоздарында әрбір сауын сыйырға әзірленген сүрлем мөлшері 7 центнер.

Селолық Советтің депутаттары мал шаруашылығын өркендету күресінде алдыңғы сапта келеді. Мәселен селолық Советтің 22 депутаттарының оннан астамы тікелей мал шаруашылығында істеп жүр. Депутат Лидия Ульрих меңгеруші болып істейтін Мичурин атындағы колхоздың шошқа фермасы мемлекетке шошқа етін тасыру, сату жоспарларын біржарым есеге жуық орындады.

Мал шаруашылығы — колхоз өндірісіндегі табысты саланың бірі. Сондықтан да селолық Советтің сессияларында бұл мәселе жиі талқыланып отырылады. Мәселен, август айында болып өткен селолық Советтің сессиясында колхоздардың мал қыстатуға дайындығы жөнінде арнаулы мәселе қаралды. Бұл сессияға депутаттармен қатар колхоз активтері де қатысты. Онда мал қыстатуға әзірлік жұмысын бауу жүргізіп отырған «Пролетарское знамя» колхозы қатаң сынға алынды. Сессияда мал қыстатуға әзірлік жұмысын тез арада аяқтау, әсіресе дайындалған жемшөпті мал қораларына тасып алу жөнінде шаралар белгіленіп, оны жүзеге асыру жауапкершілігі депутаттарға жүктелді. Соның нәтижесінде «Пролетарское знамя» колхозындағы көмшіліктерді жою шаралары жүзеге асырылып, колхоз мал қораларын қысқа әзірлеу, жемшөпті мал қоралары жанына тасып алу жұмыстарын ойдағыдай аяқтады.

Бізде мал шаруашылығында қолма-қол істейтін депутаттар аз емес. Олар селолық Совет аткомінің мәжілістерінде, сессияларында орын алған көмшіліктер туралы арнаулы мәселе көтеріп, бұл көмшіліктерді жою шараларын жүзеге асыру жөнінде өз пікірлерін ортаға салып отырады.

**Н. КИРИЧЕНКО,**  
Пролетар селолық Советінің председателі.

## Қажырлы еңбектің нәтижесі

Киров атындағы ауылшаруашылық артелінің мал өсірушілері быйылғы мал қыстату маусымын жақсы әзірлікпен қарсы алды. Қыс түсуден едәуір бұрын мал қоралары толық тәртіпке келтірілді. Колхозшылардың қажырлы еңбегі арқа-

«Сүт — сыйырдың тілінде, сауыншының қолында» деген халық мақалын ұмытуға болмайды. Жазғы жайылым, қысқы пішен — сүт молшылығының бірден-бір негізі, міне осылар.

Бұған мен өткен жаздан-ақ мысал келтіре аламын. Жаз жауын аз, жер қуаң болды. Екіне жайылымдық жоқ еді. Сондықтан сүтті ең көп алатын май, июнь, июль айларының өзінде мен қарамағымдағы 12 сыйырдан ай сайын 1500 литр ғана сүт алдым. Ал октябрь айында сыйырлардың құнарлылығы күрт өсті. Менің қарауымдағы сыйырдан бір ай ішінде 2088 литр сүт алынды, жеке бір сыйырдан сауылған сүт орта есеппен 174 литрге жетті.

Бұл табысқа жетудің негізгі себебі — сауын малдардың жүгері сияқты құнарлы азықпен мол азықтандырылуында, жемшөптің кезінде ұқсатылып берілуінде, сүттінің жақсаруында. Осындай сүттінің төуірленуі шөптің кезінде құнарсыз дөң жүрсен «Озера» атты сыйырдың өзі сүтті бірқатар сыйырлардан жақсы беретін болды.

Мен келесі жылы әрбір сауын сыйырдан екі мың литрден сүт алуға міндеттеніп отырмын.

**А. ПЕТУХОВА,**

«Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының сауыншысы.

тракторшылардың социалистік жарысын ұйымдастырып, оны күнбе-күн басқарып отырды. Даладағы жемшөпті мал қыстайтын орындарға тасу ісіне Чистая МТС-і 6 трактор, Суворов МТС-і 5 трактор бөледі. Мұнымен бірге колхоз басқармалары шөп тасуға көптеген көлік те шығарды. Сөйтіп, аудан колхоздары 30 ноябрьге дейін 21200 тонна пішеннің мал қыстайтын орындарға тасылып алынуын қамтамасыз етті.

Жемшөп қорын толықтыруда дөңді қыялдар егінінің сабағын толық жыйнау алу қажет екені мәлім. Сондықтан бұл іске де ерекше назар аударылды. Сабаңды жыйнау жұмысы егін жыйнаумен қат-қабат жүргізіліп, колхоздарда 5600 тоннадан астам сабаң жайланған болатын. Мал азығының бұл түрі де қоралар жағына түгел тасылып алынып отыр.

Мал шаруашылығы саласындағы көзгі басты міндет — маңды күнбе-күн

ді. Колхоздар быйылғы жылы салынған сүрлемді малға, әсіресе сауын сыйырларға қыстың алғашқы күндерінен бере бастауды ұйымдастырып отыр. Бұл күндері орта есеппен алғанда колхоздар сауын сыйырларға күн сайын 15—20 килограмнан сүрлем береді. Құнарлы жемшөптің азық рационьнда едәуір мол болуы сыйырлардың күзгі-қысқы маусымда сүтті едәуір мол беруін қамтамасыз етуде. Үстеміздегі қыста сұразықты неғұрлым мол әзірлеген колхоздарда сыйырлардың сүттілігі де жоғары болып отыр. Мәселен, Мичурин атындағы колхозда әзірленген жүгері сүрлемі әрбір сыйырға 22 тоннадан келеді. Мұның өзі әр сыйырға күн сайын 25—30 килограмнан сүрлем беруді қамтамасыз етеді. Рас, мұнда сыйырларға сүрлем беру ісі біраз көшірілді. Бұл жағдай сүт өнімін арттыруға да жері өсерін тигізбей қойған жоқ. Колхоз басшылары әздері-

мыс әзірлеудің маңызы зор. Сондықтан колхоздар қыс кезінде құрылыстық қамысты неғұрлым мол дайындаудың шараларын қарастыруда.

Аудан мал өсірушілері мал қыстатуды неғұрлым үлгілі өткізу жолында жанамай еңбек етіп келеді. Дегенмен, бізде мал шаруашылығы саласында ешқандай кемшілік жоқ деуге сыймайды. Осы уақытқа дейін тіпті барлық колхоздар малға сабаң-топанды алдын-ала әзірлестен-ақ беріп жүр. Өйткені оларда сабантурағыштар, азықбұландырыштар алдын-ала жұмысқа әзірленбеген. Мұның өзі сабаңды мал азығы ретінде барынша тиімді пайдалануға басты бөгет болып отыр. Осы жағдайды ескере отырып, аудандық партия комитеті мен Совет атқо-мі МТС, колхоз басшыларының назарын ірі сабақты жемшөпті алдын-ала әзірлейтін жабдықтарды тезінен іске қосуға аударуда.

сында 200 бастық стандартты бұзау қорасы, мың бастық қой қорасы және 80 бастық сыйыр қорасы салынып, пайдалануға берілді. Сонымен бірге ескі қоралардың барлығы да толық жөндеуден өткізілді. Колхозшылар мал азығын дайындауда көптеген жұмыстар жүргізді. Колхозда мал азығын дайындау жөнінен артығымен орындалды.

Колхоз мал өсірушілерінің табысқа жетуіне партия ұйымы көп көмек көрсетті. Мал қыстату маусымы басталар алдында колхоз басқармасымен бірлесе отырып, партия ұйымы коммунистердің бұл аса жауапты учаскеде жұмыс істеуін жақсарта түсу туралы нақтылы шаралар белгіледі. Партия ұйымы таңдаулы коммунистерден мал фермаларында жұмыс істеуге алты коммунист жіберді. Сүт-товарлы фермасының меңгерушісі С. Кушников, шөпше фермасының меңгерушісі Черныш жолдастар тапсырылған жұмысты аброймен орындап жүр.

Мал фермаларында партиялық-саяси жұмыстың өрістей түскендігін атап айту керек. Кәзір мал фермаларында 10 үгітші жұмыс істейді. Олар партия мен үкіметіміздің қаулы-қарарларын, Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысқан озат мал өсірушілердің тәжірибелерін насихаттауда.

**Я. ШУБАЕВ,**

колхоз партия ұйымының секретары.

## Коммунистердің орны — мал фермаларында

КПСС Орталық Комитетінің январь Пленумы қоғамдық мал шаруашылығын жылдам қарқынмен өркендетудің еліміз үшін өмірлік зор маңызы бар екендігін, мұның өзі кәзіргі кезде партия мен үкіметтің ауыл шаруашылығы саласындағы кезек күттірмейтін ең маңызды міндеттерінің бірі болып табылатындығын атап көрсетті. КПСС Орталық Комитеті Пленумының қарарларында таяудағы бірнеше жыл ішінде мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді едәуір ұлғайту міндеті белгіленді.

Осы талаптардың негізінде Чистая МТС-нің қамтуындағы колхоздарда мал шаруашылығының өнімділігін өткен жылдарға қарағанда шұғыл арттыру үшін қажетті мүмкіншіліктер мен жағдайлардың бәрі де бар. МТС аймағындағы колхоздарда көптеген мал фермалары кәзірдің өзінде КПСС Орталық Комитеті январь Пленумының қарарларына сәйкес колхоздар бойынша бес жылға белгіленген шараларда көзделген өнімділік дәрежесіне жетті. Атап айтқанда «Красная крепость» колхозының товарлы-сүт фермасы жоғары көрсеткіштерге жетісті. Бұл ферманы коммунист Качкин жолдас басқарады. Мұнда 1955 жылы әрбір сауын сыйырдан орта есеппен алғанда 1700 литр сүт алынды. Колхоздың қой фермасында (менгерушісі Ашанин жолдас) әрбір қойдан 3,6 килограмм жүн, ал «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының қой фермасында (менгерушісі Швальдин жолдас) — 4,1 килограмм жүн қырқылды. «Красная крепость» колхозы сүт өндіру жөнінде 1957 жылдың жоспарын, ал «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозы жүн қырқудың 1960 жылғы жоспарын орындады. Бұл табыстар МТС қамтуындағы колхоздардың 1956

**А. КЕРЕЕВ,**  
Конихов аудандық партия комитетінің Чистая МТС-і аймағындағы секретары

жылы бұдан да жоғары көрсеткіштерге жетісуге барлық мүмкіншіліктері бар екендігін дәлелдейді.

Бұл озат шаруашылықтар осындай елеулі табыстарға қандай жолдармен жетісіп отыр? Әрине, бұл табыстар өзінен-өзі келген жоқ. Бұл үшін аталған колхоздардың бастауыш партия ұйымдарының аса зор ұйымдастыру және бұқаралық-саяси жұмыс жүргізуі қажет болды.

Ең алдымен, бұл колхоздарда мал шаруашылығының кадрларын тұрақтандыру жөнінде тығызлықты жұмыстар жүргізілді. Бұл үшін фермалардағы жұмыстарға коммунистер мен комсомолдер жіберіліп, олар қоғамдық мал шаруашылығының барынша өркендеуі үшін берік жемшөп қорын жасауға, жайылымдық, шалғындық жерлерді неғұрлым тиімді пайдалануға қажеттілік көрсетті.

Колхоз партия ұйымдарының қоғамдық мал шаруашылығын өрге бастыру жолында қалайша күрес жүргізгендігі туралы «Красная крепость» колхозы бастауыш партия ұйымының (секретары Григорьев жолдас) жұмысынан мысал келтіруге болады. Колхозда мал қыстату жұмысының барысына арналған партия жыйналыстарының бірінде малды күту және азықтандыру ісінің нашар екендігі, фермаларда зоотехникалық жұмыстың төмен дәрежеде жүргізілгендігі, ал бұлардың өзі мал шаруашылығын өркендетуге және оның өнімділігін арттыруға негізгі кедергі болғандығы ашылды. Сонымен қатар, мал фермаларының басында инициатива-

сы да, мал шаруашылығы қызметкерлерінің арасында тиісті беделі де жоқ адамдар болды. Сондықтан да МТС аймағындағы осындай ірі колхоздардың бірі мал шаруашылығын өркендету және оның өнімділігін арттыру жөнінде артта қалып келді. Партия ұйымы осы жыйналыстың өзінде-ақ мал шаруашылығына жұмыс істеуге таңдаулы колхозшылардың ішінен коммунистер мен комсомолдерді тағы да жіберуді ұйғарды. Осындай қарар алғаннан кейін, партия ұйымы оның орындауы жолында күрес жүргізді, коммунистерді мал шаруашылығының шешуші учаскелеріне орналастырды. Товарлы-сүт фермасының меңгерушісіне коммунист Качкин жолдас, қой фермасына коммунист Ашанин жолдас, жылқы фермасына коммунист Шелкин жолдас, колхоз зоотехнигі болып коммунист Мишин жолдас жіберілді.

Партия ұйымы мал өсірушілер арасында бұқаралық-саяси жұмысты өрістетуге үшін фермаларға тұрақты үгітшілер тағайындады. Товарлы-сүт фермасына үгітші болып мектеп директоры Бессонов жолдас, қой фермасына Левкин жолдас және басқа да бірқатар жолдастар бекітілді. Үгітшілер мал өсірушілер арасында саяси және басқа да тақырыптарда жиі-жиі әңгімелер өткізіп, фермаларда толғағы жеткен шаруашылық мәселелерді мал өсірушілермен бірге талқылады, олардың ойдағыдай шешілуіне атсалысып отырды. Мал фермалары ұрандармен, плакаттармен, түрлі диаграммалармен безендірілді, оларда қызыл шүйістер, радиоқабылдағыштар бар. Мал өсірушілер арасында социалистік жарыс та кеңінен өрістетілді, жарыс қорытындылары әрбір он күн сайын тәжесінің отырды.

Жұмыстың осылай ұйымдастырылуы нәтижесінде колхоз өзінің бес жылға белгіленген шаруашылық шараларының орындалуында айтарлықтай табыстарға жетісті. Сүт фермасында Писаренко жолдас сияқты озат сауыншылар әрбір сауын сыйырдан 2 мың литр сүт алды. Колхоз үстеміздегі жылдың үш тоқсаны ішінде мал шаруашылығынан 660 мың 594 сом ақшалай табыс алды.

Дегенмен, МТС қамтуындағы колхоздарда партия ұйымдарының бәрі бірдей мал фермаларын тұрақты қызметкерлермен нығайтуға тиісті дәрежеде көңіл аударып отыр деп айтуға болмайды. «Жаңа тұрмыс», Ленин атындағы колхоздардың бастауыш партия ұйымдары мал шаруашылығы кадрларын іріктен алу, орналастыру және тәрбиелеу ісіне, фермаларды коммунистермен және комсомолдермен нығайтуға наққаншылықпен қарады.

Аталған колхоздарда мал фермалары жылдан жылға сауыншылармен, шөпше-дармен толық қамтамасыз етілмей келеді. Фермаларды басқару ісі көбінесе өздерін қайжағынан болса да нашар көрсеткен адамдарға тапсырылады. Бұл колхоздардың бастауыш партия ұйымдары мал өсірушілер арасындағы жұмысты жақсарту туралы, мал фермаларында жұмыс істейтін адамдардың тұрақты құрамын, ең алдымен, коммунистер мен комсомолдер есебінен нығайту туралы қарарларды аз қабылдаған жоқ. Алайда бұл қарарлардың бәрі де күні осы уақытқа дейін орындалмай қалып келеді. Сондықтан да «Жаңа тұрмыс», Ленин атындағы колхоздардың сүт сауу жөніндегі көрсеткіштерінің төмен болғандығы да көздейсоқ емес. «Жаңа тұрмыс» колхозында әрбір сауын сыйырдан небары 952 литр ғана сүт алынып, әрбір қойдан 2,3 килограмм ғана жүн қырқылды. Бұл колхоздар қоғамдық малдың жемшөп қорын жасауды қамтама-

сыз етті, дайындалған пішендерді мал қыстайтын жерлерге тасып та алды, сондай-ақ олардың жөпкілікті малшерде сүрлемдері де бар. Алайда, бұл колхоздардың партия ұйымдары мен басқармалары осы мүмкіншіліктерді тиімді пайдалануды дұрыс ұйымдастыра алмай отыр.

Сондай-ақ, атап өту керек, аудандық партия комитетінің МТС аймағындағы нұсқаушылар тобы да колхоздардың қоғамдық мал шаруашылығын жан-жақты өркендету және оның өнімділігін барынша арттыру жөнінде тиісті дәрежеде ұйымдастыру жұмыстарын жүргізе алмады. Сондықтан да кәзір нұсқаушылар тобы мал шаруашылығы қызметкерлерінің арасында ұйымдастыру жұмысын күшейтуге, колхоздарда қоғамдық малды қыстату жұмысын ойдағыдай жүргізуге және мал шаруашылығының өнімділігін арттыра беру ісіне басты назар аударып отыр.

«Жаңа тұрмыс», Ленин атындағы колхоздардың мал фермаларында қоғамдық малды күту және азықтандыру ісі де ойдағыдай ұйымдастырылмай отыр. Осындай кемшіліктерді ескере келіп, МТС аймағындағы нұсқаушылар тобы кәзіргі кезде колхоз партия ұйымдарының назарын қоғамдық малды зоотехникалық ерекшелерге сай күтуді жақсартуға, малды азықтандыруда жемшөп қорын берік үнемдеуге, рацион тәртібін берік қолдануға, әсіресе сауын сыйырларды күту және азықтандыру ісін барынша жақсартуға аударып отыр.

Айта кету керек, жоғарыда аталған колхоздарда мал шаруашылығы өнімділігінің төмен дәрежеде болуына партия ұйымдарының еңбекшілер бұқарасы арасындағы, әсіресе мал шаруашылығы қызметкерлерінің арасындағы ұйымдастыру және бұқаралық-саяси жұмысты жоғары дәрежеде жүргізе алмауы себеп болды. Бұл колхоздарда үгітшілер жөкеңінің кү-

рәмына саяси білімі мол және тәжірибесі жеткілікті жолдастарды тарту ісіне, үгітшілерді тұрақтандыруға, бұқаралық-саяси жұмысты өмірмен, колхоз өндірісінің практикасымен байланыстыра жүргізуге тиісті дәрежеде көңіл аударылмай келеді.

Баршаға мәлім, еңбекшілер бұқарасы арасындағы социалистік жарыс еңбек өнімділігін өсілеп арттыра берудің аса маңызды қуатты құралы болып табылады. Ал «Жаңа тұрмыс», Ленин атындағы колхоздардың партия ұйымдары мал өсірушілер арасындағы социалистік жарысты формальдылықпен ұйымдастырып отыр. Бұл партия ұйымдарында озат мал өсірушілердің бәй тәжірибелерін көптің игілігіне айналдыру жұмысы да нашар жүргізіліп келеді.

Бұл фактілердің бәрі, сөз жоқ, аудандық партия комитетінің МТС аймағындағы нұсқаушылар тобына көп міндеттер жүктелді. Сондықтан біз аталған кемшіліктерді таяудағы уақыттың ішінде жоюға бағытталған шаралар белгілеп отырмыз.

Нұсқаушылар тобы мал фермаларындағы жұмысты жолға қоюда кадрлардың шешуші роль атқаратындығын ешуақытта да естен шығармайды. Осыған сәйкес біз мал шаруашылығының негізгі учаске-терін коммунистер мен комсомолдер есебінен өлі де болса толықтыра түсуді қажетті шаралардың бірі ретінде міндет етіп қойдық. Сонымен бірге, біз фермалардағы әрбір мал өсірушінің, әсіресе мал шаруашылығы мамандарының өндірістік ролдерін арттыруға ерекше маңыз беріп отырмыз.

Сөйтіп, колхоз бастауыш партия ұйымдарының және нұсқаушылар тобының мақсаты — әрбір колхоздың өзі қабылдаған шараларын ойдағыдай жүзеге асыру үшін ұйымдастыру жұмыстарын және бұқаралық-саяси жұмысты жетары сағыға жетеру арқылы көмектесу болып отыр.

# Унемі ескеретін мәселе (Редакцияға түскен хаттарға шолу)

Редакция жақында Октябрь ауданының орталығы —Марьевка селосының тұрғыны **Т. Жәниевтен** хат алды. Хатта аудандық коммуналдық шаруашылық бөлімі моншасының жұмысы қанағаттанғысыз екені сөз болады. «Тіпті, дейді тілші, кей күндері моншада су да болмай қалады. Ал коммуналдық шаруашылық бөлімінің меңгерушісі Батин жолдас монша жұмысын жолға қоюды ескерер емес. Батин мұндай кемшілікті «үсақ-түйек» деп қарайтын көрінеді. Ал еңбекшілерге деген қамқорлықты жақсарту осындай «үсақ-түйектерді» жоюдан басталмай ма?»

Тілші Жәниев дұрыс айтады. Еңбекшілерге қамқорлық жасауда болмашы кемшілікке де жол берілмеуі керек. Соған қарамастан кейбір шаруашылық басшылары еңбекшілердің тұрмыстық қажеттерін етеуге мән бермей келеді. Бірақ халқымыздың күн санап өсіп отырған талабы мұндай басшылардың жалаң пікірлеріне төзе алмайды. Редакцияға түскен тілші хаттары да осыны аңғартады.

Колхоз шаруашылығының өркендеуімен байланысты ауыл-селоарды электрлендіру, еңбекшілердің тұрмыстық қажеттерін өтейтін орындардың санын көбейтуге мүмкіншілік туды. Преснов ауданындағы Аманжолді атындағы колхоз міне осындай шаруашылықтардың бірі. «Бірақ, деп жазады осы колхоздағы тілшіміз **Е. Әбілов**, колхоз председатели Көзенов және партия ұйымының секретары Шалтуғанов жолдастар бұл мүмкіншіліктерді пайдалануды ұмыт қалдырды. 1953 жылы салынуға белгіленген электр станциясы әлі салынған жоқ».

Осы аудандағы Калинин атындағы колхоздағы тілшіміз **Ж. Масов** колхозда дйірмен салудың аса қажет екендігін, өйткені колхозшылардың үн ұқтыру үшін көп уақыттарын жұмсайтындығын жазады. Шынында да бұл тілек колхозшылардың тұрмысын онан әрі жақсарту мақсатынан туған. Мұны Калинин атындағы колхоздың басшылары ескергені жөн.

Колхозшылар мен МТС, совхоз жұмысшыларына қамқорлық жасау олардың тұрмыстық қажеттерін өтеумен ғана шектелмейді. Колхоз, МТС және совхоз басшылары олардың мәдениетті тынығуын ұйымдастыра білулері керек. Бұл істе клуб, кітапханалар мен қызыл мүйіздердің жұмысын жандандыра түсу, ауыл-селоарда кино көрсетуді жақсарту зор роль атқарады. Совет ауданындағы тілшілеріміз **С. Әбілмәжінов**, **Ж. Абдрахманов**, **С. Насенов** жолдастар аудандық мәдениет үйінің жұмысы міне осы талаптарға сай болмай отырғандығын жазып, мәдениет үйінің директоры Столбовский мен аудандық мәдениет бөлімінің басшыларын орынды сынайды. Мәдениет үйі өз атына сай емес. Онда қызықты көштер, көркемөнерпаздар коллективтерінің

тілген киносеанстардың сапасы нашар. Мәдениет үйінің ауыл-село клубтарына деген көмегі жоқтың қасы. Егер мәдениет үйінің коллективі колхоздарға жиірек шығып, концерттер көрсетсе, көркемөнерпаздар үйірмелеріне көмектессе, сөз жоқ, мұның өзі ауыл-село клубтарының жұмысына көп пайда берген болар еді.

Ауыл-село мәдениет ошақтарындағы мұндай кемшіліктер облыстың басқа аудандарында да орын алып отыр. Мәселен, Октябрь ауданы Жамбыл атындағы колхоздың № 1 және № 2 бригадаларында оқу үйлері бар. Амаа не, оның жұмысы мүлде қанағаттанғысыз. Осы колхоздағы тілші **Х. Нәкешов** мұның себебі аудандық мәдениет бөлімінің мәдениет қызметкерлерін дұрыс іріктеуге көңіл бөлмейтіндігінен деп жазады. Өйткені осы оқу үйлерінің меңгерушілері Төкенов және Құсайынов жолдастар өздері басқарған мекеменің жұмыстарын жандандыруда қабілетсіздік көрсетіп отыр. Істің жайы осылай болып отырғандықтан олардан жақсы жұмысты талап етуге бола ма! Нақ осындай кемшіліктер Совет ауданының «Қақтарек» колхозынан жазған **Е. Оспановтың** да хатында да айтылады.

Аудандық мәдениет бөлімдерінің жұмысында орын алып келген елеулі кемшіліктердің бірі —киномеханиктердің жұмысын бүгінгі талаптарға сай ұйымдастыра алмауда болып отыр. Аудан орталықтарынан шалтай жатқан колхоздар мен бригадаларға, мал фермаларына жылжымалы киноустановкалар өте сирек алынады. Ауылдық тілшілер **С. Хамзин** (Совет ауданы), **Е. Қуандықов** (Октябрь ауданы), **Ж. Масов** (Преснов ауданы) редакцияға аудандық мәдениет бөлімінің киномеханиктері колхоздарға келгенде көрсетілетін киносеанстардың сапасына көңіл бөлмейтіндігін, кейбір картиналарды жартылай көрсетіп, ауданға қайтып кететіндіктерін сынайды. Совет ауданы «Борьба за коммунизм» колхозына қарасты Жақтыр ауылында соңғы айлар бойы бірде-бір кино көрсетілмеген.

Тілшілердің хабарына қарағанда кино көрсетуде орын алған кемшіліктерге тек киномеханиктер ғана кінәлі емес, колхоз басшыларының өздері де кінәлі болып отыр. Өйткені кейбір колхоз басшылары жылжымалы киноустановкаларды транспортпен қамтамасыз етпейді. Колхозда кино көрсететін орын әзірлеуге көмектеспейді. Мұның өзі олардың колхозшыларға деген қамқорлықты қаншалықты дәрежеде түсінетіндігін байқатады.

Колхозшылар мен МТС, совхоз жұмысшыларының ойдайдай еңбек етуі оларға жасалатын қамқорлық дәрежесіне тікелей байланысты. Сондықтан жоғарыда аталған кемшіліктерге мүлде төзуге болмайды. Ал ол кемшіліктерді жоюға бізде барлық мүмкіншілік бар. Міндет сол мүмкіншілік-

# Албанияның азат етілуінің 11 жылдығына арналған Тиранадағы салтанатты мәжіліс

ТИРАНА, 28 ноябрь. (ТАСС). Бүгін Тиранада Албанияның фашист басқыншыларынан азат етілуінің 11 жылдығына арналған салтанатты мәжіліс болды. Албан Халық Республикасының және Совет Одағының мемлекеттік жалауларымен безендірілген халық театрының залына өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының озаттары, ғылымның, мәдениет пен искусствоның қайраткерлері, қоғамдық ұйымдардың өкілдері жыйналды. Президиумнан албан Еңбек партиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Энвер Ходжа, Албан Халық Республикасы Министрлер Советінің Председатели Шехмет Шеху, Халық жыйналысы президиумының Председатели Хаджи Леша, албан Еңбек партиясы Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелері, Халық жыйналысы президиумының, үкіметтің мүшелері, қоғамдық қайраткерлер орын алды. Салтанатты мәжілісте СССР-дың Албаниядағы Елшісі К. Д. Левычкин және Тиранада тіркелген басқа да дипломатиялық өкілдіктердің басшылары болды.

Мәжілісті албан Еңбек партиясы Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі, Министрлер Советі Председателинің бірінші орынбасары Хюсни Капо ашты. Албанияның азат етілуінің он бір жылдығы туралы албан Еңбек партиясы Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі, Министрлер Советі Председателинің бірінші орынбасары Бекир Балуку баяндама жасады.

Бұдан он бір жыл бұрын, деді баяндамашы, Албанияның жұмысшы табы мен еңбекші шаруалары Коммунистік партияның, қазіргі Еңбек партиясының басшылығымен, Совет Армиясының даңқты жеңістерінің нәтижесінде фашист басқыншыларын өз елінен қуып шықты, антихалықтық тәртіпті құлатып, халық өкіметін орнатты. 1944 жылдың ноябрінде қол жеткен жеңіс біздің халқымыздың, оның бостандық пен тәуелсіздік жолындағы бүкіл мың жылдық тарихының ірі жеңісі болып табылады.

Ол біздің халықтарымыздың алдына жаңа, бақытты өмір— социализм құру жолында тамаша перспективалар ашты. Еңбекші бұқараның бұрын соңды болып көрмеген еңбек өрлеуі нәтижесінде біздің батыр партиямыздың басшылығы, сонымен қатар Совет Одағының және халықтық демократия елдерінің туысқандық көмегінің арқасында Албан Халық Республикасы жана өмір гүлденіп келе жатқан елге, прогреске және жақсы тұрмысқа қарай мүдірмей келе жатқан елге айналды. Онда күн сайын халықтық демократиялық құрылыс және оның негізі—жұмысшы табы мен еңбекші шаруалар одағы нығайып келеді.

Осы он бір жылдың ішінде, деді баянда-

ды. Елде жаңа өнеркәсіп пайда болды, жер оны өңдеуші адамның қолына берілді, мәдениет, искусство және оқу-ағарту ісі көптеген еңбекші бұқараның игілігіне айналды. Қазіргі уақытта бүкіл халық шаруашылығында негізгі рольді алып отырған социалистік сектор құрылды. Республикада бұрын болмаған өнеркәсіптің салалары—металл өңдейтін, тоқыма, аяқ киім өндірісі және басқалары жандандырылды. Өнеркәсіптің жалпы өнімі осы жылдың аяғына дейін 1938 жылғы дәрежеден 13 есе асып түсетін болады.

Ауыл шаруашылығындағы табыстарды айта келіп, Бекир Балуку былай деді: үстіміздегі жылы елде азықтық дақыл 54 процент, мақта 62 есе көп өндірілетін болады. Республикада егіс алаңы 1938 жылғымен салыстырғанда 70 процент ұлғайтылды.

Еңбекші шаруалар ауылшаруашылық кооперативтері— бұл оның жарқын болашағы екенін өз тәжірибелерінен көруде. 1946 жылы елде 7 кооператив болса, ал қазіргі уақытта олардың саны 242-ге жетті. Бес жыл бұрын ауылшаруашылық кооперативтері елдегі жалпы ауылшаруашылық өнімінің 2 проценттен сәл артығын ғана өндірген еді. Өткен жылы олар астықтың жалпы түсімінің 8,3 процентін, қант қызылшасының 54,8 процентін, мақтаның 25,7 процентін берді.

Баяндамашы өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының өркендеуі нәтижесінде халық тұтынатын товарлар өндіру едәуір ұлғайтылды деп атап көрсетті. Ол сонымен қатар албан халқының оқу-ағарту, денсаулық сақтау және мәдениет саласында қол жеткен табыстарын сыпаттады. Біздің еліміздің еңбекшілері, деді онан әрі В. Балуку, совет халқымен достық— бұл біздің барлық жеңістеріміздің ірге тасы болып табылатынына көзі жетті. Біздің еліміздің әрбір адал ниетті адамы және нағыз патриоты Совет Одағынан өзінің ұлы азат етушісін, досын және албан халқының қорғаушысын, социализм лагерінің даңқты басқарушысын, бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік ісі жолындағы табанды күресшісін көреді. Сондықтан біздің халқымыз елді онан әрі өркендетудің шешуші факторы ретінде Совет Одағымен мәңгі достықты күн сайын нығайта түседі.

Баяндамашы қорытындысында албан халқының, албан Еңбек партиясы мен үкіметінің құрметіне, Совет Одағының, Қытай Халық Республикасының және халықтық демократия елдерінің құрметіне құттықтау сөздерін айтты.

Мәжіліске қатысушылар зор өрлеу үстінде КПСС Орталық Комитетіне және СССР Министрлер Советіне құттықтау телеграмма қабылдады.

# СССР Жоғарғы Советі делегациясының Герман Демократиялық Республикасында болуы

БЕРЛИН, 29 ноябрь. (ТАСС). Депутат Г. А. Денисов басқарған СССР Жоғарғы Советі делегациясы мүшелерінің бір тобы кеше Росток қаласына келді. Росток өкілетті еңбекшілерінің атынан округтік советтің председатели Гане Ванке қонақтарды жылы құттықтады. Неміс пионерлері кездесу кезінде советтік қонақтарға гүл шоқтарын ұсынды. Г. Ванке делегация мүшелерін Росток қаласының тарихымен және дамуымен қысқаша таныстырды.

Мұнан кейін СССР Жоғарғы Советі делегациясының мүшелері Герман Демократиялық Республикасының кеме жасайтын ең ірі «Варнов» верфіне бет алды. Кәсіпорнының клубында Герман Демократиялық Республикасы Халық палатасының Росток облысындағы депутаттарының және верф коллективі өкілдерінің мәжілісі болып, оған советтік қонақтар да қатысты. Жыйнақталғандардың атынан Германия-

ның біртұтас социалистік партиясы Орталық Республикасы Халық палатасының депутаты Г. Циллер сөз сөйлеп, советтік қонақтарды құттықтады. Мәжілісте озат техниканы енгізу мәселесі талқыланды. Верф басшылығының өкілі Гебауэр өзінің баяндамасында кәсіпорнының жұмысы туралы және жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлерінің озат техниканы енгізу жолындағы күресі туралы толық айтты.

Мәжілістің қорытындысында СССР Жоғарғы Советінің депутаты Г. А. Денисов сөз сөйлеп, делегация атынан қызу қарғы алғандығы үшін жыйналғандарды құттықтады.

СССР Жоғарғы Советі делегациясы мүшелерінің бір бөлегі кеше Совет Одағы үшін «Матнас-Тезен верфт» фирмасы жасаған «Фридрих Энгельс» кемесінің сұғат түсірілуінде болды.

# Фридрих Энгельстің туғанына 135 жыл БЕРЛИНДЕГІ САЛТАНАТТЫ МӘЖІЛІС

БЕРЛИН, 29 ноябрь. (ТАСС). Герман Демократиялық Республикасының еңбекшілері Карл Маркстың досы және серігі— Фридрих Энгельстің туғанына 135 жыл толуын кеінен атап өтуде.

Кеше Берлинде Германияның біртұтас социалистік партиясының Орталық Комитеті және Германияның біртұтас социалистік партиясының Берлин округтік басшылығы шақырған, Ф. Энгельстің 135 жылдығына арналған салтанатты мәжіліс болды.

Салтанатты мәжілісте Герман Демократиялық Республикасының Премьер-Министрі, Германияның біртұтас социалистік партиясы Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі Отто Гротеволь, Германияның біртұтас социалистік партиясы Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелері К. Ширдеван, Ф. Эльснер, Гер-

манияның біртұтас социалистік партиясы Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелігіне кандидат, Германияның біртұтас социалистік партиясы Берлин ұйымының бірінші секретары А. Нейман, Германияның біртұтас социалистік партиясы Орталық Комитетінің секретарлары П. Вандель, Б. Хагер және басқалары болды.

Қатысушылардың ішінде сонымен қатар Герман Демократиялық Республикасы үкіметі жағында тіркелген елшіліктер мен дипломатиялық миссиялардың өкілдері болды.

Германияның біртұтас социалистік партиясы Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидат Елена Берг Ф. Энгельстің туғанына 135 жыл толуына арналған баяндама жасады.

# СССР-дағы экономикалық және мәдени құрылыс жетістіктерінің көрмесі

ПЕКИН, 29 ноябрь. (ТАСС). СССР-дағы экономикалық және мәдени құрылыс жетістіктерінің Кантонда ашылған көрмесіне қытай еңбекшілері арасында зор табысқа ие болуда. Көрмеде қазірдің өзінде 1.700 мың адам болды. Гонконг және Макао қалаларынан келушілердің саны күн сайын көбейе түсуде.

Қытай баспасөзінің хабарына қарағанда, көрме қызметкерлері өнеркәсіп кәсіпорындарының, озат колхоздар мен совхоздардың тәжірибесін қытай жұмысшыларына, шаруаларына, инженерлеріне, ауылшаруашылық кооперативтерінің бас-

шыларына тарату жөнінде зор жұмыстар жүргізуде. Жуырда көрмедегі совет мамандары ККП Гуандун провинциясы аудандық комитеттері секретарьларының кеңесіне қатысушыларды Киров облысы, «Красный октябрь» колхозының 30 жыл бойына шаруашылықты жүргізудегі өдісімен таныстырды. Қатысушылардың мәлімдеулері бойынша, аудандық партия ұйымдарының басшыларының өңгіме жүзінде алған әсерлері оларға қытай ауыл шаруашылығы кооперативтерін өркендетуге басшылық жасауда зор көмек көрсетеді.

концерттері аз ұйымдастырылады. Көрсеткіштерді пайдалана білуде.

## Медициналық жаңа журналдар

Жаңа жылдан бастап СССР Денсаулық сақтау министрлігі мен РСФСР Денсаулық сақтау министрлігінің «Антибиотика», «Вопросы охраны материнства и детства», «Вопросы вирусологии», «Медицинская радиология», «Проблемы гематологии и переливания крови», «Экспериментальная хирургия» атты медициналық жаңа журналдар шыға бастайды.

«Антибиотика» журналында медицина кәсіпорындары қызметкерлері мен ғылыми зерттеу институттарының және медицина институттарының антибиотиктерді өндіру және емдеуге пайдаланудағы тәжірибелері, сондай-ақ, шетелдерде антибиотиктерді өндіру және емдеуге пайдалану жөнінде хабарлар жарияланып тұрады.

«Вопросы охраны материнства и детства» журналында физиология, гигиена және аналар мен балаларды аурулардан сақтауды ұйымдастыру мәселелері жөніндегі материалдар басылады.

«Вопросы вирусологии» журналы этиологияны, эпидемиологияны, диагностикуны, профилактикуны зерттеу жөніндегі ғылыми зерттеу жұмыстары, вирусология мәселелерінің шетелдерде дамуы жөнінде жазады.

«Медицинская радиология», «Проблемы гематологии и переливания крови», «Экспериментальная хирургия» журналдарында радионейтрон сәулелерін және жаңадан радиоактив заттарын медицинада пайдалану, қан құю, экспериментальді хирургия мәселелері жөніндегі материалдар басылып тұрады.

Г. КАРТАШОВ.

машы, өркін ағым халқы социализм негіздерін құруда тамаша жеңістерге ие бол-

Салтанатты мәжілістің соңында үлкен концерт болды.

## ГДР МЕН СИРИЯ АРАСЫНДАҒЫ САУДА КЕЛІСІМІ

БЕРЛИН, 29 ноябрь. (ТАСС). Газеттердің хабарлауына қарағанда, Дамаскада Герман Демократиялық Республикасы мен Сирия арасында сауда келісімі жасалған.

Бұл келісім бойынша ГДР Сириядан мақта, астық, майлы дақылдар тұқымын, көптірілген жемістер, темекі, жүн және басқа товарлар алатын болады.

Сирия ГДР-ден машиналар, жабдықтар, транспорт құралдары мен оптика, химия өнеркәсіп өнімдерін алатын болады.

Сонымен қатар екі елдің орталықтарында сауда өкілдіктерін құру жөнінде келісімге қол жетті.

## ФРАНЦИЯНЫҢ АЗАМАТТЫҚ АВИАЦИЯСЫ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЕРЕУЛІ ЖАЙЫНДА

ПАРИЖ, 29 ноябрь. (ТАСС). Франциядағы әуеден ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін техникалық қызметкерлердің ереуілі әлі болып жатыр.

Алайда, «Юманите» газетінің хабарына қарағанда, ВВТ, «Форс Уврийер» және «Христиан еңбекшілерінің француз конфедерациясы» кіретін кәсіподақтар өкіл-

дерінің ереулі комитеті бүгін метеорологиялық жұмыстары қызметкерлердің ереуілін уақытша тоқтатуға ұйғарған. Бұл қарар метеорологиялық жұмыс өкімшілігінің ереулі жасаушыларының талабын қанағаттандыратын келіссөздер жүргізуге негіз қалайтын ұсыныстар енгізгендігіне байланысты қабылданған.

## Қаулысының орындалуын тексермеген кәсіподақ ұйымы

Мемлекеттік мекеме қызметкерлері кәсіподағының облыстық комитеті өткен жылғы конференциядан кейін президентінің мәжілісін 30 рет өткізген, онда кәсіподақ ұйымының түйінді мәселелері қаралып, жақсы қаулылар алынған. Соңғы 21 айдың ішінде кәсіподағы ұйымының Уставы бойынша өткізілуге тиісті 7 пленумының орнына 3-ақ пленум өткізілген. Бұл елеулі кемшіліктердің бірі, дегенмен, осы пленумда көп мәселелер қаралып, қаулылар алынғандықтан. Аталғандай, жақсы қаулылардың орындалуы тексерілмеген соң олардың тек қағаз жүзінде қалып қояы әдетке айналған.

Осы жылдың апрель айында болып өткен кәсіподағы облыстық комитетінің III пленумында «Мемлекеттік мекемелердің аппаратындағы жұмыстарды жақсартуға кәсіподағы ұйымдарының қатынасы туралы» мәселе қаралған. Бұл мәселе жүн тәртібіне себепсіз қойылған жоқ. Оның қойылуына бірқатар мекемелерде жұмысқа кешігіп келу, еңбекшілердің арызына мән бермей, оның иелеріне ұзақ уақытқа дейін жауап бермеушілік, мекеменің ішкі тәртібінің нашарлығы жөнінен орын алғандығы себеп болды. Бұл жөнінде баяндамашы нақтылы дәлелдер келтірген.

Пленумға қатысушылар кемшіліктің бетін ашып, мекеменің ішкі жұмысын жақсарту жөнінде баралы ұсыныстар енгізді. Сөйлеушілердің ұсыныстарына сүйе-

не отырып, жақсы қаулы да алынды. Бірақ пленум өткеннен кейін қаулы напқа тегілі де, сонымен бұл мәселе аяқсыз қалды.

Сол қаулының 7 пунктінде «мекеменің ішкі тәртібін нығайту үшін көпшілік жыйналысын уақытында және жиі өткізу кәсіподағы аудандық және жергілікті комитеттердің председателдеріне тапсырылсын» делінген. Айта кету керек, көпшілік жыйналысы уақытында өткізілсе деген сөз екінші пленум қабылдаған қаулының пунктінде де жазылғандықтан.

Бұл дұрыс көтерілген мәселе. Өйткені шаруашылық жұмыстың белгілі бір саласында орын төшкен кемшілікті, сын және өзара сынға жол ашудың практикалық жұмыста сыналған бірден-бір дұрыс жолы — жалпы жыйналыс. Дегенмен жалпы жыйналысты өткізу кәсіподағының аудандық және жергілікті комитеттерінің басым көпшілігінде өте сирек кездеседі. Мәселен Көнжухов аудандық коммуналдық шаруашылық бөлімінде, аудандық прокуратура және халық сотында осы жылдың март айынан бері кәсіподақ мүшелерінің жалпы жыйналысы өткізілмеген. Осы жағдай Октябрь, Ленин, Приешім ауданындағы бір қатар кәсіподақ ұйымдарының жұмысында да кездеседі.

«Өндірістік кеңестің ролін арттыру, оны жиі өткізу кәсіподақ ұйымы, мекеме басшыларынан талап етілсін» деген сөз пленум қаулысының төртінші пунктінде

көрсетілген-ді. Бірақ, пленум өткеннен кейінгі бес ай бойы еңбекшілер депутаттарының Соколов аудандық атқару комитетінде өндірістік кеңес өткізілген емес. Бұл жағдайда Совет, Петропавл аудандарында да кездестіруге болады.

Сол сыяқты пленумда еңбекшілердің шағым-арыздарына уақытында жауап беріп, еңбек тәртібін бұзушыларға қатаң жаза қолданылсын, мекеменің ішкі тәртібі жөнінде ереже жазылып, оны көрнекті жерге ілін қою және басқа мәселе жөніндегі қаулының көп пункттері орындалмай аяқсыз қалған.

Кәсіподағы облыстық комитетінің өзі қабылдаған қаулысына мән бермей отырғандығына тағы бір дәлел келтірейік. Үстеміздігі жылдың июнь айында өткізілген облыстық комитеттің президиум мәжілісінде облыстық соттың жанындағы жергілікті комитеттің председателі Чуйко жолдасын «Коллектив арасындағы мәдени-көпшілік және тәлім-тәрбие жұмысы туралы» есебі тыңдалып, коллектив мүшелерінің арасында үнемі лекция өткізіп отыру, бір айдың ішінде көркемөнерпаздар үйірмесін ұйымдастыру, мәдени-көпшілік комиссиясының жұмысын жақсарту, спорт жұмысын жандандыру жөнінде қаулы алынды. Мұнан кейін ағым ай өтті, облыстық сот қызметкерлері үшін жергілікті комитет бір-ақ лекция ұйымдастырды. Мәдени-көпшілік комиссиясының жұмысы бұрынғы калпында қалды, спорт және көркемөнерпаздар үйірмелері ұйымдастырылмады. Сөйтіп, облыстық комитеттің президиумы қабылдаған қаулының жергілікті комитеттің жұмысын жақсарту үшін әсері кем болды.

Кәсіподақтардың аудандық және жергі-

лікті комитеттерінде жыйналыстың өте сирек өткізілетінін, пленум және президиум қабылдаған көп қаулының орындалмай жатқанын облыстық комитеттің президиум мүшелері, оның председателі Карабейников жолдас жақсы біледі. Бірақ олар бұл жөнінде жұмған аузын ашпай, қаулының орындалуын ұйымдастырмай келеді.

— Мен жалғызбын, — дейді кәсіподағы облыстық комитетінің председателі Карабейников жолдас, — сондықтан кәсіподақ ұйымының жұмысында бірқатар кемшіліктер бар, оны жасыруға болмайды деп бұжкемек болады. Бірақ ол кәсіподақ ұйымында жалғыз емес, оған бір дәлел келтірейік. Кәсіподақ облыстық комитетінің есебінде 2 мыңнан аса кәсіподақ мүшелері бар, аудандық және жергілікті комитеттердің құрамында көпшілік жыйналысында кәсіподағы мүшелерінің сенім сайлаған жүздеген актив жұмыс істейді. Олардың көмегіне Карабейников жолдас неге сүйенбейді, оларды жұмысқа неге үйретпейді? Жұмыстың нашар болу себебі міне осында тұр.

Біз жоғарыда өңгіме еткен қаулыларда шаруашылық орындарында орын төшкен кемшіліктерді жоюдың, жұмыстың жалпы жағдайын көтерудің нақтылы шаралары белгіленген. Сондықтан қаулының орындалуын қадағалап отыру және орындалуын ұйымдастыру кәсіподағы облыстық, аудандық және жергілікті комитеттерінің ең негізгі міндеттерінің бірі болып саналады. Мұны естен шығаруға болмайды.

З. НҮРМҰХАМЕДОВ.

## „Горубсо“ кен-руда қоғамы туралы совет-болгар келісімі

СОФИЯ, 29 ноябрь. (ТАСС). ССР Одағы және Болгар Халық Республикасы арасында соңғы кезде жүргізілген келіссөздердің нәтижесінде екі үкімет совет-болгарлық «Горубсо» кен-руда қоғамындағы Совет Одағына тиісті үлесті Болгар Халық Республикасына беруге келісі.

Осыған байланысты 1955 жылғы 26 ноябрьде София қаласында аталған қоғамға қатысқан совет үлесін Болгар Халық Республикасына беру туралы келісімге қол қойылды. Келісімде Болгарияға берілетін «Горубсо» қоғамындағы совет

үлесінің құнын болгар жағының жеңілдік беру және төлемді бірнеше жылға кейін қалдыру жағдайларымен төлейтіндігі қарастырылған.

«Горубсо» қоғамына қатысқан совет үлесінің Болгарияға берілуі екі ел арасындағы достық пен ынтымақты оған өрі дамыту мақсатына көмектесетін болады.

Келісімге қол қойғандар совет жағынан — ССР-дың Болгар Халық Республикасындағы сауда өкілі А. Е. Ерохин, болгар жағынан — ауыр өнеркәсіп министрі Т. Полов.

## Францияда совет фильмдерінің апталығы

ПАРИЖ, 29 ноябрь. (ТАСС). Ертең Францияда совет фильмдерінің апталығы ашылады. Бұл оқылға, сонымен қатар совет кино қызметкерлері делегациясының келуі француз жұртшылығының зор назарын аударуда.

Париж баспасөзі совет делегациясының Франция орталығында болған бірінші күніне арналған көптеген материалдар жариялауда. Совет киноискусствосының өкілдеріне француздың кино қайраткерлері тарапынан, әсіресе СССРда француз фильмдері апталығы-

ның өткізілуіне байланысты жуырда Совет Одағында болған француз делегациясы мүшелерінің тарапынан шығарылған кеңілді қабылдаулар көрсетілуде.

Газеттерде совет делегациясының Парижге келуі жайында толық есеп, совет артистерінің, режиссерлерінің өмірбаяндары туралы хабарлар, совет фильмдерінің апталығы кезінде Францияда көрсетілетін бірқатар фильмдерге рецензиялар жарияланған.

## БИРМАДА ГОМИНДАНДЫҚ БАНДАЛАРДЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІ

РАНГУН, 29 ноябрь. (ТАСС). «Нью таймс оф Бирма» газеті Бирманың Таиланд және Лаос шекарасы ауданында гоминдандық бандалар белсенділігінің күшейе түскендігі жайында хабарлайды.

Хабарда Кенгтунтең 50 миль жерде орналасқан Мөңжөк ауданында төрт мыңнан астам қаруланған гоминдандықтардың орналасқандығы айтылған. Сонымен қатар мыңнан астам қаруланған гоминдандықтар кезір Бирманың Лаос және

Таиланд шекарасымен түйсетін жеріне таяу Мөңхпонт пунктінде орналасқан.

Газет сонымен қатар гоминдандық бандалардың бұл аудандардағы жергілікті тұрғындарға соқтыгулар жасағандығы жайында хабарлайды.

Газетіміздің келесі саны сенбі күні, 3 декабрьде шығады.

Редактор Г. МҰХАМЕДЖАНОВ.

## КИНОЛАРДА

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында

«ОНЕКІНШІ ТҮН»

Сеанстар күндізгі сағат 11-30, 1-20, 3-10 және кешкі 5, 6-50, 8-40, 10-30-да басталады.

«УДАРНИК» кинотеатрында

«ЭИЕЛ МАХАББАТЫ»

Сеанстар сағат 5, 7, және 9-да басталады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және насихат бөлімдері — 0-22, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.